



ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ



Мемлекет басшысы Бангладеш Президентіне құттықтау жеделхатын жолдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Мохаммад Шахабуддин Чуппу мен Бангладеш халқын осы елдің ұлттық мейрамы – Тәуелсіздік күнімен құттықтады. Қазақстан Президенті жеделхатында достық пен өзара түсіністікке негізделген екіжақты ынтымақтастық болашақта да қос халықтың игілігі жолында дами беретініне сенім білдірді. Қасым-Жомарт Тоқаев Мохаммад Шахабуддин Чуппудың жауапты қызметіне табыс, ал Бангладеш халқына құт-береке тіледі.

ИНКЛЮЗИВТІ ҚОҒАМ ІЗГІЛІККЕ БАСТАЙДЫ

Еліміз әлеуметтік бағдарланған мемлекет ретінде ерекше қажеттіліктері бар адамдарды қолдауға, қоғамдағы инклюзияны нығайтуға, мүмкіндігі шектеулі жандардың заңды құқықтарын қамтамасыз етуге күш салып келеді. Мемлекет мейірім шуағын төксе, қоғам қайырымдылығын көрсетсе ғана үйінде, төрт қабырғада қамалған, жанары жасаурап, терезеден телмірген жарымжан жандардың жабырқау тартқан көңілі көтеріліп, өзіне деген құрметтің лебімен жандары жылынар еді.



ОНЛАЙН ЕМШІ ОПА ТАПТЫРМАЙДЫ



Әлеуметтік желілерде онлайн емшілердің дәурені жүріп тұр. Олар телефонның арғы жағында отырып шыққан қолды да, демді де салады. Тіпті, жабысқан жауырынды жазып, қақсаған тісті де емдейді. Адамның суретіне қарап, «ауруыңнан айықтырамын» дегендердің көпшілігінің «Халық емшісі» деген сertiфикаттары да бар. Жалпы, заң бойынша онлайн емшіге тұсау салу мүмкін бе? Халықтың медицинаға емес, экранның арғы жағындағы емшіге сенуіне не себеп?

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың IV отырысында интернеттегі алаяқтық мәселесіне ерекше назар аударды. Ол соңғы уақытта ел ішінде алаяқтық әрекеттердің көбейіп бара жатқанын атап өтті. Сонымен қатар Президент жалған психологтер мен коучтардың көбеюіне алаңдаушылық білдіріп, оларға сеніп, алданып қалған азаматтардың көптігін жеткізді. Осы мәселелерге байланысты жауапты органдарға тиісті шаралар қабылдауды тапсырды. Бұған дейін, 28 қантарда өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында, Мемлекет басшысы цифрландыру дамыған сайын алаяқтықтың көбейіп бара жатқанын және мұндай әрекеттер азаматтардың қауіпсіздігі мен

елдегі тұрақтылыққа үлкен қатер төндіретінін айтқан еді. Осыған орай интернет платформаларда арандату сипатындағы ақпарат таратқандарды жауапқа тартуды заң жүзінде бекіту мәселесін ойластыруды ұсынды. Президенттің бұл мәлімдемелері интернеттегі алаяқтықпен күресудің өзектілігін көрсетіп, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында нақты шаралар қабылдау қажеттігін айқындайды. Себебі күн санап интернеттегі алаяқтарға сенетін, әсіресе онлайн емшілерге қаралатын адамдар саны да артып келеді.

(Жалғасы 5-бетте)



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТЕРЕҢДЕЙ ТҮСПЕК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қытай Коммунистік партиясы Орталық комитеті Халықаралық байланыстар бөлімінің меңгерушісі Лю Цзяньчаоны қабылдады.

Кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ-қытай мәңгі әрі жан-жақты стратегиялық серіктестігі қарқынды дамып келе жатқанын және болашақта да осы бағыттан айнымайтынын атап өтті.

— Бүгінде біздің берік байланыстарымыз мәңгі достық, тату көршілік пен стратегиялық серіктестікке негізделген өзара тиімді мемлекетаралық ықпалдастықтың үлгісі саналады. Біз ҚХР-мен қарым-қатынасты жоғары бағалаймыз. Сондай-ақ Қазақстан тарапынан жан-жақты ынтымақтастықты нығайту үшін барлық қажетті шара қабылданады. Сонымен қатар мен Қытай Коммунистік партиясы Орталық комитетінің Бас хатшысы, Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпин мырзамен достығымызды өте жоғары бағалаймын, — деді Мемлекет басшысы.

Президент маусым айында екінші «Орталық Азия – Қытай» саммитіне қатысу үшін Астанаға келетін ҚХР Төрағасының сапары аясында стратегиялық серіктестіктің жаңа мүмкіндіктері айқындалатынына сенім білдірді.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Қытайдың көпжақты құрылымдар аясындағы көзқарастары ұқсас екенін атап өтіп, Төраға Си Цзиньпиннің халықаралық құқықтың негізгі қағидағары мен БҰҰ Жарғысына сай әділ әлемдік тәртіпті қалыптастыруды көздейтін жаһандық бастамаларын қолдайтынын жеткізді. Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің «біртұтас Қытай» саясатына бейіл екенін растады.

Өз кезегінде Лю Цзяньчао Мемлекет басшысына Төраға Си Цзиньпиннің ыстық ықыласын жеткізді. Оның айтуынша, Қытай Қазақстанды стратегиялық тұрғыдан маңызды серіктес ретінде қарастырады және қазақ-қытай мәңгі әрі жан-жақты әріптестігін тереңдетуге ерекше мән береді.

Кездесу барысында сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты нығайту жолдары талқыланды. Осы орайда Қасым-Жомарт Тоқаев екі елдің тауар айналымын ұлғайтып, көлік-логистика, энергетика және жасанды интеллектті дамыту салаларында ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға орасан зор мүмкіндік бар екенін атап өтті.

БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА БАЛТА ШАППАЙЫҚ

Сексен көлді өңіріне алқа етіп таққан Көкше аймағында балық шаруашылығының берекесі кетті дегенге сенбейтіндер көп. Дегенмен бір кездері уылдырықтан балық тұқымын өсіріп, балықтарды тайдай тулатқан шаруашылықтар жаппай құрып, су аяғы құрдымға кеткені ақиқат.



АЙЛАСЫН АСЫРҒАН АЛАЯҚТАР АРАМЫЗДА

Жақында Бурабайдың баурайында өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы халықты қитұрқы айла-амалдарымен арбаушылардың көбейе түскеніне алаңдаушылық білдірген еді.



ШОҚАН – ЖАҢА ҚАҺАРМАН

Жақында кішкентай көрерменді қуантқан «Шоқан. Қашқария сапары» атты толықметражды анимациялық фильм жарыққа шықты. Бұл мультфильм белгілі ғалым Ш. Уәлихановтың әйгілі Қашқария экспедициясына негізделген.



27 НАУРЫЗ 2025 | БЕЙСЕНБІ



САРАПШЫЛАР КЛУБЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Астанада Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата жанындағы Сарапшылар клубының отырысы өтті. Онда Қазақстан мен Қытай арасындағы өзара іс-қимылдың негізгі аспектілері талқыланды. Сондай-ақ қатысушылар түрлі саладағы бірлескен жобаларды іске асыру жөнінде өз ұсыныстарын айтты. Клуб отырысына Қытай Коммунистік партиясы Орталық Комитеті Халықаралық байланыстар бөлімінің меңгерушісі Лю Цзяньчао мейман ретінде қатысты.

Мәулен Әшімбаев бұл кездесудің Наурыз мерекесі кезеңінде өтуі Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынастардың жаңарғанын және сапалы деңгейге көтерілгенін білдіретін символдық мәнге ие екенін атап өтті. Сондай-ақ ол екі мемлекеттің басшылары Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Төраға Си Цзиньпиннің күш-жігерінің арқасында екіжақты диалог тың серпін алғанын айтты.

«Соңғы 30 жылда Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынас мәңгі әрі жан-жақты стратегиялық серіктестіктің бұрын-соңды болмаған деңгейіне жетіп, жана тарихи кезең — «алтын отыз жылдыққа» қадам басты. Ең алдымен, бұл — біздің мемлекеттеріміздің басшылары арасындағы тығыз және сенімді диалогтің нәтижесі. Елдеріміздің көшбасшылары — Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің күш-жігерінің арқасында екіжақты диалог тың серпінмен дамып келеді. Дәстүрлі бағыттардан бөлек, цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект саласы ерекше қызығушылық тудырып отыр. Біз осы бағытта да өзара ынтымақтастықты кеңейтуге мүдделіміз», — деді Мәулен Әшімбаев.

Отырыс барысында сарапшылар көлік және логистика инфрақұрылымы, жаңартылатын энергия, білім беру, мәдениет, туризм салаларындағы бірлескен жобаларға назар аударды. Бүгінде Қазақстанда энергетика, агроөнеркәсіп және мұнай-газ секторларында осындай 5 мыңға жуық кәсіпорын бар. Сондай-ақ біздің елде Конфуций институттары, Қытай университеттерінің филиалдары және «Лу Бань шеберханасы» табысты жұмыс істеп келе жатқаны айтылды.

Клуб мүшелері Сенат жанындағы Талдау мектебі аясында өзара байланыс орнатып, халықаралық жобалар шеңберінде және сараптамалық-талдамалық ынтымақтастық желісі бойынша Қазақстан — Қытай қарым-қатынасын одан әрі арттыру жөнінде өз ұсыныстарын білдірді.

«Елдеріміз арасында сараптамалық ынтымақтастық та ерекше маңызға ие. Сенат делегациясының Қытайға сапары кезінде қытайлық сарапшылармен мазмұнды және нәтижелі кездесу өткіздік. Биыл Сенат жанындағы Талдау мектебіне шақырылған дәріскерлердің қатарында жасанды интеллект саласындағы белгілі сарапшы доктор Кай-Фу Ли болғанын ерекше атап өткен жөн. Осылайша, Қазақстан — Қытай қатынастары экономика, қауіпсіздік, жана технологиялар, мәдениет және сараптамалық өзара іс-қимыл салаларын қамтып, жана деңгейге көтеріліп отыр», — деді Сенат Төрағасы.

Сонымен қатар қытайлық мейманның сапары аясында Мәулен Әшімбаев пен Лю Цзяньчаоның екіжақты кездесуі өтті. Сұхбат кезінде тараптар қазір екі елдің арасындағы саяси диалог пен парламентаралық ынтымақтастық жоғары деңгейде екеніне, сондай-ақ, жаһандық және өңірлік күн тәртібіндегі маңызды мәселелер бойынша ұстанымдардың ұқсастығына назар аударды.

«Біздің еліміз әділетті және көпполярлы әлем қалыптастыруды көздейтін жаһандық бастамаларды әрдайым қолдайды. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің «Адамзаттың біртұтас тағдыры қауымдастығы» туралы идеясының маңызды екенін бірнеше рет атап өтті. Қазіргі халықаралық жағдайда бұл идеялар аса өзекті екені сөзсіз. Қытайдың жаһандық даму жөніндегі осындай бастамалары жалпыға бірдей қауіпсіздік пен бейбітшілікті қамтамасыз етуге айтарлықтай үлес қосады деп сенеміз», — деп Мәулен Әшімбаев Лю Цзяньчаоның Сенат жанындағы Сарапшылар клубының отырысына қатысып, халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді талқылауын жоғары бағалады.

Өз кезегінде Лю Цзяньчао қазақстандық тарапқа алғыс білдіріп, Қазақстан мен Қытай арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға арналған бірлескен жобаларды іске асыруға мүдделі екенін жеткізді.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӘРІПТЕСТІК НЫҒАЯДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен жалпы отырыс өтті. Онда депутаттар үш халықаралық құжатты ратификациялады.



Мәжіліс 2007 жылғы 26 маусымдағы Қазақстан Үкіметі мен Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің Хатшылығы арасындағы Хатшылықтың Қазақстан аумағында болу шарттары туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялады. Құжатқа 2024 жылы 15 қарашада Астанада қол қойылған. Оны депутаттарға Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары Ақан Рахметуллин таныстырды.

— Хаттамаға енгізілген өзгерістер БҰҰ және басқа да халықаралық ұйымдардың тәжірибесіне сәйкес, Хатшылыққа жұмысқа жіберілетін немесе келісімшарт негізінде қызмет атқаратын персонал мүшелерінің халықаралық мәртебесін нығайтуды көздейді. Жалпы, Азия кеңесі Хатшылығының Қазақстанда болуы шарттары туралы келісіміне 32 өзгеріс енгізу қарастырылған. Атап айтқанда, олардың 13-і — Хатшылық персоналына «халықаралық азаматтық қызметші» функцияларын беруге қатысты, — деді Ақан Рахметуллин.

Атап айтқанда, Хатшылық персоналының мүшелері, оның ішінде Қазақстан азаматтары зейнетақы және әлеуметтік төлемдерге салық салудан босатылады. Сонымен қатар Хатшылыққа өз қызметін жүзеге асыру үшін қорлар мен басқа да қаржы тетіктерін құру, қызметкерлері үшін зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандырудың жеке жүйелерін құру құқығы беріледі.

Жұмыс тобының жетекшісі, депутат Константин Авершин өзінің қосымша баяндамасында құжат қызметкерлердің еңбек жағдайларын халықаралық стандарттарға жақындатып, Кеңесті толыққанды халықаралық ұйымға айналдыруға он әсер беретінін, Хатшылық қызметінің әлеуетін одан әрі арттыратынын айтты. Талқылау қорытындысы бойынша депутаттар хаттаманы ратификациялап, Сенаттың қарауына жіберді.

Сондай-ақ жалпы отырыста 2024 жылғы 27 қыркүйекте Нью-Йорк қаласында жасалған Алматы қаласында АҚШ консулдық мекемесінің ғимаратын салу үшін АҚШ үкіметіне жер телімін жалға беру туралы Қазақстан—Америка үкіметаралық келісім ратификацияланды. Жұмыс тобының жетекшісі Асхат Рахымжанов бұл

Америка Құрама Штаттарымен дипломатиялық қарым-қатынастаы одан әрі тиімді дамытуға және нығайтуға бағытталғанын айтты.

Жер учаскесінің ауданы 70 593 шаршы метр, жалға алу мерзімі — 49 жыл. Жалдау ақысы 25,3 миллион АҚШ долларын құрайды және құжат күшіне енген күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде бірінғай төлеммен төленетін болады.

Келісімге сәйкес АҚШ үкіметі жалдау ақысын қоспағанда, жер учаскесі мен консулдық ғимаратына салықтар мен басқа төлемдерді төлеуден босатылады. Бұл ретте ол консулдық ғимаратының құрылысына байланысты коммуналдық қызметтерді Қазақстанда қолданыстағы нормативтер мен тарифтерге сәйкес төлей отырып, ғимаратты күтіп-ұстауға және жөндеуге жұмсалған шығыстарды дербес төлеуге міндеттеледі.

Сонымен қатар Мәжіліс Қазақстан Үкіметі мен Қырғыз Министрлер кабинеті арасындағы инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімді ратификациялады. Келісімге былтыр 19 сәуірде Астана қаласында қол қойылған.

Сыртқы істер министрінің орынбасары Әлібек Қуантыров келісім инвесторларға құқықтық кепілдіктер беріп қана қоймай, инвестициялық қызметті жүргізу үшін ашық әрі болжамды жағдайларды қамтамасыз ететінін айтады. Ол экспроприациядан қорғау, халықаралық арбитражға қол жеткізу және шетелдік инвестицияларға әділ қарау сияқты маңызды мәселелерді бекітеді.

— Қазақстан — Қырғызстанның үшінші ірі сауда серіктесі. 2024 жылы елдер арасындағы тауар айналымы 1,71 млрд АҚШ долларын құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 1,5 пайызға жоғары. Бұл біздің экономикалық қарым-қатынасымыздың тұрақтылығын көрсетеді. Қырғызстанмен стратегиялық әріптестік Орталық Азиядағы өңірлік интеграцияны одан әрі дамыту перспективаларын ашады, — деді Ә.Қуантыров.

Жалпы отырыс соңында мәжілісмендер мемлекеттік органдарға әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша 19 депутаттық сауал жолдады.

М.ЖАСЫН

БІТІМГЕРЛІК МИССИЯ ЖАЛҒАСАДЫ

Наурыз айының ортасында Қазақстан бітімгерлерінің Голан жотасында қызмет атқара бастағанына бір жыл толды. Сирия мен Израиль арасындағы аймақта қызмет етіп жатқан бітімгерлер бір жыл ішінде 550-ден астам тапсырма орындапты. Ал БҰҰ миссияларына қатысуы үшін Қазақстан Қарулы Күштерінің бітімгерлік контингентін қолдану туралы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұсынысын былтыр Парламент мақұлдаған болатын. Биыл сәуірде екінші контингент Сирия-Израиль шекарасына аттанады.

Қазақстандық бітімгерлер Сирияға былтыр наурызда кеткен еді. Әрі БҰҰ бітімгерлік миссиясы аясында алғаш рет жеке мандатпен жұмыс істеп жатыр. Қазір Голан жоталарында Қазақстанның 139 әскери қызметшісі жұмыс істеп жүр. Оның ішінде 4 әйел қызметші бар. Былтыр қазақстандық әскерилер өздерімен бірге 26 әскери техниканы Голан жоталарына жеткізген болатын.

Бірінші бітімгерлер контингентінің командирі, подполковник Жігер Аиповтың айтуынша,



қазақстандықтар БҰҰ-ның ажыратуды бақылау күштерінің құрамында 2024 жылдың 15 наурызынан бері жұмыс істеп келеді. Әрі БҰҰ миссиясы қолбасшысының резерві ретінде қызмет атқаруда. Қазақстандық бітімгерлер өздеріне берілген мандат бойынша әрекет етеді. Қазақ сарбаздары бір жыл

ішінде 557 нақты тапсырма орындапты. Соның ішінде 66 мәрте әскери персонал мен гуманитарлық жүктерді алып жүрген. 3 рет бітімгершілік базалар мен бақылау бекеттерінің күзетін күшейтуге қатысқан. 15 рет жарылғыш заттарды залалсыздандырып, жойған. Бұл операциялардың нәтижесінде 240 жарылғыш зат

пен снарядтың көзі жойылған. Өздеріне жүктелген жауапкершілік аймағындағы бітімгерлік базалардан әскери персоналды эвакуациялауға 4 рет қатысыпты. 458 рет жауапкершілік аймағында мобильді патруль жүргізген. Яғни, кей күндері патруль жүргізуге екі реттен қатысты деген сөз.

Ал жуырда бітімгерлердің екінші контингенті Сирияға аттанады. Олар қазір Алматы облысы жеріндегі «Бітімгер» оқу-жаттығу орталығында арнайы дайындықтан өтіп жатыр. Іріктеуден 139 сарбаз өтті. Олар Голан жоталарындағы әріптестерін алмастырады.

2025 жылғы сәуірде Голан жоталарындағы қазақстандық бітімгерлердің 2-ші ротациясы өтеді. 139 адам 2 бортпен 11 және 18 сәуірде Алматы қаласынан Сирияға ұшып барады.

Жалпы, Қазақстан БҰҰ миссияларына көптен бері қатысып келеді. Былтыр Конституцияның 53-бабының 5-тармақшасына сәйкес БҰҰ-ның бірнеше миссиясына қазақстандық сарбаздарды қатыстыру көзделген болатын. Атап айтқанда, «БҰҰ-ның Голан биіктіктеріндегі бөлуді байқау күштеріне» (UNDOF, Сирия — Израиль), «БҰҰ-ның бітімге келу шарттарының орындалуын байқау жөніндегі органына» (UNTSO, Палестина — Израиль), «БҰҰ-ның Оңтүстік Судан Республикасындағы миссиясына» (UNMISS, Оңтүстік Судан), «БҰҰ-ның Абьейдегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі уақытша күштеріне» (UNISFA, Судан) қазақстандықтар қатысуға тиіс еді. Бұл миссияларға жалпы саны 430 әскери қызметші қатыстыру көзделген.

А.СҰЛТАН

КОНДОМИНИУМ ТЕТІГІН ЖЕТІЛДІРУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ



«Бұл заң жобалары тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы қолданыстағы заңнаманы жетілдіру мақсатында Парламент депутаттарының бастамасымен әзірленді. Өкінішке қарай, Үкімет 2019 жылдан бері жүргізіп келе жатқан тұрғын үй қорын басқару жүйесін реформалау мақсатына жете алмады. Мұның объективті және субъективті себептері бар.

Мемлекет басшысы 2023 жылғы сәуірде Үкіметтің кеңейтілген отырысында реформаға шынайы баға беру қажеттігін атап өтті. Осыған байланысты жіберілген қателіктер мен істердің нақты жағдайын ескере отырып, депутаттық корпусқа кондоминиумдарды басқарудың құқықтық негізін қайта қарау тапсырылды. Бұл заң жобасы осы тапсырманы орындау үшін дайындалды. Ол екі негізгі мәселені шешеді.

Біріншіден, реформа жүргізілген алты жыл ішінде институт ретінде жойылмаған пәтер иелері кооперативтері қызметінің ашықтығына қойылатын талаптарды енгізу. Екіншіден, тұрғындардың кондоминиумды басқару нысандары мен шарттарын таңдау үшін барынша еркін құқықтық орта құру. Ол үшін заң жобасында кондоминиумды басқарудың екі түрі енгізілген. Олар – мүлік иелерін біріктіру және тікелей бірлескен басқару. Ал қарапайым серіктестіктер жеке нысан ретінде алынып тасталады, бірақ іс жүзінде басқарудың екінші нысаны түрінде өз жұмысын жалғастыра алады. Басқару субъектілерінің үш түрі қолданылатын болады. Олар – басқарушы компания (БК), кәсіби басқарушы (КБ) және пәтер иелерінің кооперативі (ПИК).

ПИК-тердің басқару субъектісі ретіндегі қызметіне қайта тіркеу тәртібі, құқық белгілейтін құжаттарды беру тәртібі және жұмысының ашықтығы сынды жаңа талаптар қойылады. Мүлік иелері бірлестігі (МИБ) төрағасының өкілеттік мерзімі бір жылдан үш жылға дейін ұлғаяды, үйді басқару жөніндегі қызметті өз еркімен жүргізуге құқық беріледі. Құрылыс салушыға жана

салынған пәтерді сатқаннан кейін кондоминиумды тіркеу міндетмесін жүктеу көзделіп отыр. Тұрғын үй инспекциясының өкілеттіктері кеңейтілмек, олар кәсіби басқарушыларда біліктілік сертификаттың болуын, кондоминиум объектісінде тіркеудің болуын және тұрғын үй-жайды пайдалану нормаларының сақталуын қалағалайтын болады. Заңбұзушылықтар анықталса, айыппұл сала алмақ. Сондай-ақ тұрғындардың жиналыстарын өткізу тәртібіне, оның ішінде мемлекеттік ақпараттық жүйелер арқылы электрондық дауыс беруге қатысты



Ұсынылған өзгерістер көпкөптерлі тұрғын үй тұрғындарының құқығын қорғауға бағытталған. Тек қана солардың ортақ шешімімен тиісті басқару нысаны қабылданады, басқарушы компания таңдалады және тариф бекітіледі. Бұл талаптар басқарудың барлық нысанына қатысты.

өзгерістер бар. Заң жобасы тұрғындарға есеп бермегені үшін және үйге қажетті құжаттарды ұсынудан бас тартқаны үшін әкімшілік жауапкершілік күшейтіледі.

Ерекше айтқым келетіні: ұсынылған өзгерістер көпкөптерлі тұрғын үй тұрғындарының құқығын қорғауға бағытталған. Тек қана солардың ортақ шешімімен тиісті басқару нысаны қабылданады, басқарушы компания таңдалады және тариф бекітіледі. Бұл талаптар басқарудың барлық нысанына қатысты», – деді Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің хатшысы Екатерина Васильева.

ТҮЗЕТУЛЕР ПАКЕТІ ТИІМДІЛІКТІ АРТТЫРМАҚ

Мәжіліс дәлізінде заң жобасындағы жаңа түзетулерді тарқата түсу мақсатымен депутаттың өзін өңіміне тартқан едік. 2019 жылғы

реформа мен 2023 жылғы түзетулер пакетінің аражігін тарқатып айтып берген сұхбатсымыз мұндағы әрбір өзгерістер топтамасы нақты тәжірибеге негізделгенін жеткізді.

«2019 жылғы реформа тұрғындардың Пәтер иелері кооперативтері мен Пәтер иелерінің тұтыну кооперативтерінің жұмысына деген наразылығынан туындаған болатын. Олардың қызметі ашық болмады, басшылығы жылдар бойы өзгермей отырып алды, ал тұрғын үйлер болса қатты тозып, күрделі жөндеуді қажет етті. Мұның ақыры сенім дағдарысына және басқару моделінің дағдарысына әкелді. Соған сәйкес, реформаның мақсаты – тұрғындарды өз үйлерін басқаруға тарту болды. Осыған байланысты жаңа басқару нысандары – Мүлік иелерінің бірлестігі (МИБ) және қарапайым серіктестік (КС) енгізілді. Бұл әділ басқару жүйесін құру үшін маңызды қадам еді. Бүгінде көптеген үйде өзін-өзі басқару жүйесі қайта жанданып атай кеткен абзал. Реформа толық аяқталма да, оны түзетіп, шынайы жағдайға бейімдеу қажеттігі туындады.

Осылайша, 2023 жылғы түзетулер МИБ қызметін реттеуге бағытталды. Себебі оған дейін кондоминиумды басқару тәжірибесі болмағандықтан, тіркеуден бастап есеп беруге дейінгі көптеген мәселе, соның ішінде меншік иелері арасында өзара әріптестік орнату, жауапкершілік жайы қиындық туғызды. Сол кезеңде негізінен осы заңға арқа сүйедік, бұл өзін-өзі басқару тетігі әлі қалыптаспаған кез еді, сол үшін де көптеген

дәрі. Сондықтан қазіргі өзгерістер нақты тәжірибені ескере отырып, артық шектеулерді алып тастауға және тұрғындарға басқару формасын еркін таңдауға мүмкіндік беруге бағытталған. Себебі жүйені басқару әдістерін тұрғындардың өздері таңдағаны дұрыс. Егер заң тым шектеулі болса, адамдар бәрібір оны айналып өтетін жол іздейді. Сол себепті ендігі жерде шынайы жұмыс істейтін механизмдерді заңдастыру қажет. Бұл – 2019 жылғы реформадан бас тарту емес, керісінше оның тиімділігін арттыру үшін жасалып жатқан дүниелер.

«Жаңа заң жобасында тың бастамалар да бар. Мұның барлығын біз тұрғындармен кездесу барысында талқылай отырып қостық. Мәселен, ортақ меншікті күрделі жөндеу жұмыстарына жұмсалған қаражат үшін алынған жеңілдетілген несиелерді төлеу тәртібі. Жоба бойынша, мұндай төлемдер мақсатты жарналарға жатқызылып, олар бойынша шешімдер ұжымдық түрде қабылданауға тиіс. Сондай-ақ бұл саланы цифрландыру және ашықтық мәселесі де тұрғындарды алаңдатады. Өйткені қағаз жүзіндегі дауыс беру әдісінде бұрмалаушылық көп кездеседі. Қол қойылған құжаттар қолдан жасалған деректер аз емес. Сенім дағдарысына алып келіп отырған бір себеп – осы. Цифрлық технологиялар дамыған заманда бұл мәселені оңай шешуге болар еді, бірақ тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласын цифрландыру елімізде баяу жүріп жатыр. Сондықтан да оны тездеткеніміз жөн. Жаңа заң жобасында цифрлық құралдарды енгізуді желдету бойынша бірқатар норма ұсынылды. Олар – басқарушы субъектілердің цифрлық дауыс беру мен есептілікке қолжетімділікті қамтамасыз ету тетігі мен электронды үкімет порталы арқылы тегін онлайн дауыс беру механизмін жетілдіру туралы», – дейді Мәжіліс депутаты.

Оның айтуынша, бұл мәселе бойынша қоғамда әлі де ортақ пікір жоқ. Бұл құжат тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы үлкен өзгерістерді қамтитындықтан, қоғамда қызу талқылануда. Қарама-қайшы мүдделер қақтығысып, кейбіреулер құжаттың шынайы мазмұнын бұрмалап, жалған ақпарат таратуда. Соның ішінде негізгі даулы мәселелер ретінде МИБ пен ПИК арасындағы бәсекелестікті, басқарушы компанияларға деген сенімсіздікті, реттеу барысындағы жоғары қысымды, мемлекеттің тұрғын үй қорының күтімінен тым алшақтауын атап өтуге болады. Сонымен қатар кейбір топтар заң жобасы белгілі бір басқарушы субъектілердің мүддесін қорғайды деп санайды екен. Бірақ жұмыс тобының мақсаты – ешқандай тарапқа басымдық бермей, тұрғындардың құқықтарын қорғау және тұрғын үй қорын сақтау. Заң жобасы бірінші оқылымда мақұлданды. Қоғамда және Мәжіліс қабырғасындағы қызу талқылаулардан соң құжаттың жетілдірілетін тұстары псықталып, екінші оқылымда қабылданатын болады.

ЕКІ ЕЛ АРАСЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ



Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы байланысты дамыта түсу үшін маңызды қадам жасалды. Сыртқы істер министрі Мұрат Нұртілеу Өзбекстанға жұмыс сапарымен барды. Сапар аясында Қазақстан мен Өзбекстанның Сыртқы істер министрлері кеңесінің алғашқы отырысына қатысу, сондай-ақ екіжақты ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған бірқатар кездесу өткізілді.

Сонымен қатар бағдарламада ресми және мәдени іс-шаралар қарастырылды, бұл екі ел арасындағы тарихи-мәдени байланыстар мен халықаралық және сыртқы саясатын іске асыруда стратегиялық маңыздылығын айқындайды.

Бірінші кездесудің нәтижесі бойынша тараптар арнайы хаттамаға қол қойды. Маңызды кездесу үшін Хиуа қаласының таңдалуы кездейсоқ емес. Тарихи қала екі елдің терең байланысының мәнін ашады. Өзбекстан үшін Қазақстанмен экономикалық бай-

ланыс аса маңызды болып отыр. Біздің ел Қытай мен Ресейден кейін ең ірі инвесторлардың үштігін қорытындылайды. Екі елдің сауда айналымы былтыр 4 млрд доллардан асты, алыс-берісті алдағы уақытта 10 млрд долларға жеткізу мақсат етіліп отыр. Экспорттың ең ірі тауарлары бидай, металл бұйымдары, автомобильдер, ұн, мұнай өнімдері, мыс кендері мен концентраттары. Оған бөлек, Өзбекстан Республикасынан автокөліктер, жемістер мен көкөністер, этил полимерлер, кірпіштер, плиткалар, тегіс қапталған

прокаттар, азот тыңайтқыштары әкелінеді. Алғашқы отырыста тараптар байланысты дамытудың стратегиялық бағытына басымдық беріп, жаңа жобаларды көбейтуге уағдаласты.

Тараптар көлік және логистика саласындағы бірлескен жобаларды жүзеге асыру мәселелерін талқылады. Транскаспий халықаралық көлік дәлізін дамытуға басымдық беріліп, оның Орталық Азия елдерінің Таяу Шығыс, Оңтүстік Азия және Еуропа нарықтарына шығуына ықпал ететін аталып өтті. Жүк тасымалын ұлғайту және көлік инфрақұрылымын жаңғырту бойынша ынтымақтастықты кеңейтуге дайындық расталды.

Су-энергетика саласындағы серіктестікті өзара мүдделер негізінде дамыту жоспарлары қарастырылды. Осы бағыттағы өзара іс-қимылдың табысты мысалы – Камбар-Ата ГЭС-1 құрылысы бойынша ұшжақты жобаны ілгерілету.

Сыртқы істер министрі Мұрат Нұртілеу екі елді мығым достық, мәдени және рухани байланыстар байланыстыратынын алға тартты.

– Мемлекеттер басшыларының шешімімен құрылған Қазақстан мен Өзбекстан Сыртқы істер министрлері кеңесінің бірінші отырысын жылы қарсы алғаны және жоғары деңгейде ұйымдастырылғаны үшін шын жүректен алғыс айтамын. Бірлескен күш-жігеріміздің арқасында мәдени-гуманитарлық салада жоғары серпін сақталуда. Былтыр ғана Астанада өзбек ақыны Әлішер Науаидың ескерткіші ашылып, Ташкент күндері сәтті өтіп, екі елдің қоғамдық ортасынан оң бағасын алған болатын, – деді министр.

Министрдің сөзінше, Астана мен Ташкенттің халықаралық күн тәртібіндегі көптеген мәселе бойынша ұстанымдары ұқсас. Олар БҰҰ, ШЫҰ, АӨСШК, ИЫҰ, JTG, ХККА, КСКА сияқты көпжақты құрылымдар аясында тығыз ынтымақтастықта. Бірлескен күш-жігердің арқасында біз өңірімізде бейбітшілік, сенім және өркендеу аймағын құрамыз дейді.

Тарихи-мәдени байланысқа келсек, қос елдің Сыртқы істер министрлері Хиуаның тарихи орталығы Ичан қаланы аралады. 400 жылдай Хиуа хандығының астанасы болған тарихи қаладағы туристердің қызығушылығын күн санап артуда. Күніне 600-800 шетел-

дік қонақ келеді екен. Шығармашылық ұжымдардың, мәдениет және өнер өкілдерінің өзара сапарлары жүйелі түрде өткізіліп тұрады.

Өзбекстанда 800 мыңнан астам этникалық қазақ тұрады. Олардың көпшілігі Ташкент облысында, Қарақалпақстанда, Науаи, Жизах, Бұхара, Сырдария, Хорезм облыстарында шоғырланған. 30 облыстық және аудандық бөлімшелері бар Республикалық қазақ мәдени орталығы жұмыс істейді.

ҚР және ӨР Сыртқы істер министрлері кеңесінің алғашқы отырысында мемлекеттік органдардың сауда, өнеркәсіптік кооперация, көлік және логистика, су және мәдениет салаларындағы өзара іс-қимылы жөнінде баяндамалары тыңдалды.

Тараптар өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер бойынша пікір алмасып, көпжақты құрылымдар аясындағы ынтымақтастықты нығайтуға және бір-бірінің бастамаларын өзара қолдауға дайындығын білдірді.

– Бүгін Өзбекстанда Сыртқы істер министрлері кеңесінің алғашқы инаугурациялық отырысы өтті. Мемлекет басшыларының тапсырмасы бойынша құрылған және елдеріміздің Мемлекетаралық кеңесінің жұмыс органы болып табылатын жаңа формат. Бұл сыртқы саяси ведомство тарапынан екіжақты қатынастардың, елдеріміз арасындағы стратегиялық әріптестік пен одақтастық қатынастарының барлық палитрасын қарау жөніндегі үйлестіру қызметіне мүлдем жаңа көзқарас болып отыр, – деді Өзбекстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары Бобур Усманов.

Келіссөздер қорытындысы бойынша ҚР және ӨР Сыртқы істер министрлері кеңесінің алғашқы отырысының хаттамасына қол қойылды.

Сапар аясында сыртқы саяси ведомстволарының басшылары Хиуаның мәдени нысандары – ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұралар тізіміне енген тарихи орталығы Ичан қалашығын және Хорезм ұлттық тұрғын үй құрылысының дәстүрлі ерекшеліктерін бейнелейтін Нуролла бай сарайын аралады.

Әсет ҚАЛИ,
Астана – Хиуа – Астана

27 НАУРЫЗ 2025 | БЕЙСЕНБІ

Еліміз әлеуметтік бағдарланған мемлекет ретінде ерекше қажеттіліктері бар адамдарды қолдауға, қоғамдағы инклюзияны нығайтуға, мүмкіндігі шектеулі жандардың заңды құқықтарын қамтамасыз етуге күш салып келеді. Мемлекет мейірім шуағын төксе, қоғам қайырымдылығын көрсетсе ғана үйінде, төрт қабырғада қамалған, жанары жасаурап, терезеден телмірген жарымжан жандардың жабырқау тартқан көңілдері көтеріліп, өзіне деген құрметтің лебімен жандары жылынар еді.

Мүгедектігі бар адамдар көшеге шыға алуы, қалаған жеріне баруы үшін қолжетімді ортаны қалыптастыру бағытында шаралар қабылданып жатыр. 2025-2030 жылдарға арналған Инклюзивті саясат тұжырымдамасы, сондай-ақ «AMANAT» партиясының 2023-2027 жылдарға арналған Жол картасы және Мемлекет басшысының тапсырмасымен әзірленген «Халықпен бірге» жобасы іске асырылу үстінде.

«AMANAT» партиясының жол картасына сәйкес, 2023-2027 жылдар аралығында ел бойынша интерактивті қолжетімділік картасына енгізілген 40 мыңнан астам нысанды кемтар адамдардың еркін жүріп-тұруына бейімдеу жұмыстары көзделген. Жыл сайын осындай объектілердің 20%-ы бейімделуге тиіс. Бұл міндет қаншалықты орындалып жатыр?

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің дерегіне, қосбасшы партияның Жол картасындағы міндетті орындау мақсатында 2023 жылы аталған картадағы объектілердің 20%-ы бейімделген. 2024 жылғы жоспар — 40%, 2025 жылы — 60%, 2026 жылы — 80%, 2027 жылы — 100%. Министрлік мәліметінше, республика көлемінде сол 40 мыңнан аса объектінің бүгінде жартысынан астамы, 22 777-сі толық бейімделіпті.

I топтағы мүгедек, абайлық Нұрғали Жақыпов Президент бастамасымен жана Абай облысы құрылғалы, Семей облыстық маңызды мәртебеге ие болғалы қаланың инфрақұрылым объектілері жыл өткен сайын мүгедектігі бар адамдарға ыңғайлы бола түскенін айтты.

— Облыстық реабилитация және оңалту орталығында халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары үшін барлық жағдай жасалған. Оңалту қызметтерінің барлық түрі көрсетіледі. Сондай-ақ Абай Құнанбаев атындағы жергілікті әуежай, теміржол вокзалы, «Қазына» сауда-ойын-

ИНКЛЮЗИВТІ ҚОҒАМ ІЗГІЛІККЕ БАСТАЙДЫ



сауық орталығы, «Арена» мәдени-спорт кешені, «Жидебай-Бөрілі» тарихи-мемориалдық кешені, Семейдің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің әкімшілік ғимараты, өзге ұйымдар ерекше мұқтажлығы барларға қолжетімді, — деді Н.Жақыпов.

Тағы бір жетістік: Қазақстан тарихында тұңғыш рет, 2023 жылғы I шілдеде қабылданған Әлеуметтік кодекске сәйкес, мүгедектігі бар балаларды 18 жасқа толғаннан кейін тәрбиелеуді жалғастыратын ата-аналар жеке көмекші ретінде жұмысқа қабылданады. Бұл туралы Үкімет хабарлады. Оның дерегіне, жеке көмекшілерге жергілікті атқарушы органдар тарапынан 128 716 тенге жалақы

төленеді, сондай-ақ тиісті жарналар, соның ішінде міндетті зейнетақы жарнасы аударылады.

«Осының нәтижесінде, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарда зейнеткерлік жасқа жеткен кезде қажетті еңбек өтілі мен зейнетақы жарналарының сомасы да жинақталады. Бұл зейнетақы тағайындау кезінде негізге алынып, тиісті деңгейде зейнетақы алуына мүмкіндік береді. Сондай-ақ мүгедектігі бар баласын 18 жасқа толғанға дейін тәрбиелейтін анасына не әкесіне ай сайын 74 428 тенге мемлекеттік жәрдемақы төленеді және соған қоса баланың мүгедектігі үшін жәрдемақы төленеді», — деп түсіндірді Үкімет.

партиясы фракциясының мүшесі, Мәжіліс депутаты Ұласбек Сәдібеков.

Бірақ депутаттың айтуынша, енді мүгедектігі бар адамдарды оңалту ісіне көп көңіл бөлу керек. Жарымжан жандардың қатары күн сайын артып барады. Соңғы кезде өмірге жана келген нәрестелердің өзі сал (ДЦП), аутизм, туа бітті түрлі ауруларға шалдығып жатыр.

«Сондықтан, біріншіден, алдын алу жұмыстарын күшейту қажет. Екіншіден, мүгедектігі бар балаларға арналған оңалту орталықтарының және түзету кабинеттерінің санын өсіру маңызды. Шағын, жартылай стационарлы оңалту орталықтарын, психоневрологиялық ауытқуы бар балаларға арналған орталықтарды көбейту қажет. Себебі науқас балалар жылына екі-үш реттен оңалту орталықтарының көмегіне алуға тиіс. Әрбір бала тұрақты түрде массаж, ЛФК, АФК секілді процедураларды қабылдаса онала алмайды», — деді депутат.

Денсаулық сақтау министрлігінің дерегіне, 2020 жылы елімізде алғаш рет 3 жасқа дейінгі балаларға арналған ерте араласу орталықтары ашылып, жұмыс істейді. Елде мүгедектіктің алдын алу бойынша жүйелі шаралар қарастырылған және денсаулық сақтау жүйесінде халықаралық стандарттарға сәйкес жұмыстар жүргізіледі. Ендігі мәселе — осы және

«AMANAT» партиясының жол картасына сәйкес, 2023-2027 жылдар аралығында ел бойынша интерактивті қолжетімділік картасына енгізілген 40 мыңнан астам нысанды кемтар адамдардың еркін жүріп-тұруына бейімдеу жұмыстары көзделген. Жыл сайын осындай объектілердің 20%-ы бейімделуге тиіс.

рін кеңейтуге бағытталған іс-шаралар кешені қарастырылған. Жалпы, Үкімет пен жауапты мемлекеттік органдар мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау, оның ішінде қоғамға бейімдеу бойынша жұмыстарды осы Тұжырымдама аясында жүйелі түрде жүргізуге міндеттелді.

2030 жылға дейінгі тұжырымдама 13 маңызды бағытты қамтиды. Негізгі бағыттың бірі — мүгедек құқықтарын шектейтін күнделікті жеке өміріндегі және қоғамдық салалардағы келергілерді жою. Соның ішінде аса маңыздысы — денсаулық сақтау, білім беру, жұмыспен қамту, қоғамдық-саяси, әлеуметтік және мәдени бағыттарындағы қызметтерді жетілдіру.

— Бүгінде мемлекетімізде мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау жүйесі жақсы жұмыс істеп келеді. Оларға көрсетілетін әлеуметтік көмек, жұмысқа орналастыру, арнайы жұмыс орындарын құру, медициналық, білім берудегі жеңілдіктер және қоғам өміріне араласуға тең мүмкіндіктер жасауға бағытталған шаралар іске асырылып жатыр, — деді «AMANAT»

басқа орталықтардың санын арттыру, әрбір мұқтаж жаңа қолжетімді ету. Өйткені саны аз болғандықтан, кезектегілердің қарасы қалың.

Үкімет мүгедектігі бар адамдарға арналған оңалту орталықтары мен түзету кабинеттерін көбейту мәселесі қаржыға тірелетінін жасырмады. Қазіргі кезде бюджетті үнемдеу режимі іске қосылған. Мемлекет мәселені жүйелі түрде шешу үшін оңалту орталықтарын ашуды бизнес, үкіметтік емес ұйымдар есебінен қарастыруды жоспарлады. Ұқсас тәсіл кезінде мектеп пен балабақшалардың тапшылығы мәселесін шешуге септесті.

Ұлттық статистика бюросының дерегіне, елімізде 2024 жыл қорытындысында жалпы саны 737 450 мүгедектігі бар адам тіркелген. Олар қазақстандықтардың салмақты бір бөлігін құрайды. Ендеше ерекше қажеттілігі бар адамдардың өмір сүру сапасын арттыру, олардың жұмыс істеуіне жағдай жасау — мемлекеттік маңызды іс.

Елдос СЕНБАЙ

Қоғамның әлеуметтік жауапкершілігінің бір көрінісін мүмкіндігі шектеулі жандарға деген қамқорлықтан бағамдауға болады. Бұл бағытта елімізде ауыз толтырып айтарлықтай жұмыс істелуде. Бұл қатарда Жетісу облысының аумағында да қолдау мен қамқорлыққа толы істер жеткілікті. Әсіресе, мұқтаж жандарды оңалтуға қатысты ілгерлеушілік бар.

ОҢАЛТУДЫҢ ОРНЫ БӨЛЕК

Қалмаханбет МҰҚАМЕТҚАЛИ,
Жетісу облысы

Жалпы, Жетісу облысында 25055 мүгедектігі бар азамат тіркелген екен. Оның ішінде I топ мүгедектері 2 695 адам болса, II топ мүгедектері — 10 274, III топтағы мүгедектер — 9 098, ал 18 жасқа дейінгі мүгедек балалар 2 988 адамды құрайды. Бұл облыс тұрғындарының жалпы санына шаққанда 3,6 пайыз шамасында екен. Былтыр мүгедектігі бар тұлғаларды оңалтуға 5,2 млрд тенге бөлінді. Жылдың қорытындысы бойынша, техникалық оңалту құралдарына мұқтаж мүгедек адамдардың саны 16 825 құрады. Оның ішінде 16 784 азамат жеке оңалту бағдарламаларына сәйкес қажетті техникалық оңалту құралдарымен қамтылған. Атап айтқанда, шипажай-курорттық емдеумен — 3 762 адам, арнайы қозғалыс құралдарымен — 758 адам, протездік-ортопедиялық бұйымдармен — 2 333 адам, тифлотехникалық құралдармен — 799 бұйым, сурдотехникалық құралдармен — 374 бұйым, гигиеналық құралдармен 7 039 адам қамтамасыз етілсе, жеке көмекшінің қызметтерімен — 1 357 адам, ымдау тілі мамандарымен 362 адам қамтамасыз етіліпті. Нәтижесінде, оңалту құралдармен қамту деңгейі 99,8 пайызды құрады,

бұл облыстар бөлінісінде I-орындағы көрсеткіш екенін атап өту керек. Ал орташа республикалық көрсеткіш 92,8 пайыз шамасында болып отыр.

Бұдан бөлек, Жетісу облысында тұңғыш рет әлеуметтік маңызы бар жоба — мүгедек жандардың үйінде көшпелі оңалту шараларын жүргізу қолға алынды. Аталған жоба «Асар» мүгедектерге арналған спорттық-оңалту орталығының базасында облыстық Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының қолдауымен ұйымдастырылды. «Асар» орталығының директоры Елдос Баялышбаевтың айтуынша, бұл жоба орталыққа өзінің келе алмайтындар үшін аса пайдалы.

— Біз жұмыс барысында мүгедектігі бар адамдардың көпшілігіне оңалту орталығына келудің қиындық туғызатынын байқадық. Күндізгі уақытта кейбіреулер жұмыста болса, кейбіріне үйлерінен орталыққа жету оңай емес. Сондықтан біз осы көшпелі оңалту жобасын қолға алдық. Біздің бұл маңызды бастамамызға облыс басшылығы қолдау білдірді, — дейді Елдос Баялышбаев.

Жалпы, бағдарламалау пациенттердің екі тобы қамтылуда. Атап айтқанда, күндізгі шаралар өздігінен қозғала алмайтын азаматтарға ба-



ғытталып отыр. Ал сағат 21-ден 23-ке дейін түнгі топ жұмыс істейді. Бұл уақыт аралығында күндіз жұмыста болатындықтан орталыққа келе алмайтын мүгедек азаматтарға ем шаралары жүргізіледі. Жобаның ерекшелігі сол, мамандар пациенттердің үйіне барып, оларға сауықтыру массажы мен емдік денешынықтыру жасатады. Әр сеанс шамамен бір сағатты алады. Әр пациентпен жеке жұмыс жүргізіледі. Көшпелі бригада құрамында массажист, емдік денешынықтыру нұсқаушысы мен жүргізуші бар. Бұл ретте мамандардың жұмысына қолайлы жағдай жасау үшін арнайы танбаланған автокөлік сатып алынған.

Айтпақшы, талдықорғандық отбасылар көшпелі оңалту шараларының игілігін алғашқылардың бірі болып көрді.

— Зайыбым Анар 11 жыл бұрын инсульт алды. Үшінші қабатта тұрамыз, арнайы көтергіш жоқ болғандықтан, сыртқа шығу, оңалту орталығына бару бізге қиындық туғызды. Қазір үйімізге келіп, оңалту қызметін көрсетіп жатыр. Бұл бізге өте қолайлы. Мамандардың

Жетісу облысында тұңғыш рет әлеуметтік маңызы бар жоба — мүгедек жандардың үйінде көшпелі оңалту шараларын жүргізу қолға алынды. Аталған жоба «Асар» мүгедектерге арналған спорттық-оңалту орталығының базасында облыстық Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының қолдауымен ұйымдастырылды.

тиісті ем шараларын жасап жатқанына он күндей болды. Осы бастаманы іске асырып жатқан азаматтарға алғы айтамыз, — деді А.Басшығұлованың жұбайы Канат Қосуханов.

Облыстық Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Еркем Мизамбаевтың айтуынша, бұл жоба — тең мүмкіндіктер қоғамын қалыптастыруға жасалған игі шараның бірі. Жыл соңына дейін осындай қызмет түрімен 200-ден астам адамды қамту жоспарланған. Алдағы уақытта көшпелі оңалту тобы облыс орталығы маңындағы аудандарға да шықпақшы. Бұл жобаны жүзеге асыруға жергілікті бюджеттен 30 млн тенге бөлінген. Бұл қаражат жобаны тартылған мамандарға, яғни көлік жүргізуші, емдік денешынықтыру нұсқаушысы мен массажист маманының жалақысына жұмсалады.

Сондай-ақ Жетісу облысында мүгедек жандар үшін ғимараттарды инфрақұрылыммен қамтамасыз ету 69 пайызды құрап отыр. Бұл республика бойынша ең жоғарғы көрсеткіш. Биыл мемлекеттік және жекеменшік мекемелердің шамамен 195 нысанын бейімдеу жоспарда бар. Облыс көлемінде қазір инвентар саны отыз екіге жетті.

ӨЗЕКТІ

27 НАУРЫЗ 2025 | БЕЙСЕНБІ



Елнур КАБА (collage)

(Басы 1-бетте)

«ОНЛАЙН» ТІРЛІКТЕРДІҢ
БАРЛЫҒЫ АЛАЯҚТАРДЫҢ ЕРТЕГІСІ

Желіде емші ретінде танылған Балтабай Омарбектің Instagram-да 500 мың, TikTok-та 50 мың оқырманы бар. Ол өзіне хабарласқан адамдармен видео арқылы сөйлесіп, дем салып, лезде сауықтырып жіберетін көрінеді.

Сондай бейнежазбалардың бірінде сөйл «аркам шаншып, жүрегім тарсылдап соғып тұр» деп шағымданған. Оған емші «жүрегіңе алақаныңды қой, ешкімге алаңдамай, ашуланбай, жай ғана маған қарап отыр» дейді де, «сүф, сүф» деп екі-үш рет қайталайды. Осылайша, науқасты бірнеше минутта жазып жібереді. Балтабай Омарбек сияқты онлайн емшілердің санына жету мүмкін емес. Көпшілігі әлеуметтік желіде паракша ашып, халыққа емдік сеанстар ұсынып, дергіне шипа іздеген жандарға көмектесеміз дейді. Бұл құбылыс біреулер үшін — балама медицинаға қолжетімділік, ал енді біреулер үшін — алаяқтықтың жана түрі.

— Онлайн мен офлайн күні кешегі пандемияда, әлемді сансыратқан тәжізіндегі кезеңінде туындаған режим. Сол тұста көпке көмегінің тигені рас. Алайда елімізде онлайн кездесу, танысу, неке кию, бата беру, талақ беру деген белең ала бастады. «Алланың пендені тура жолға салуы — пендеде иман мен һидаятты жаратуы, адастыруы — пендеде адаусылықты жаратуы» немесе «Алла қалағанын тура жолға салады, бұл — оның кеншілігі, қалағанын адастырады, бұл — оның әділдігі» деген гибратқа жанымызды сүйейміз. Иә, халыққа онлайн платформа сервисінің

ОНЛАЙН ЕМШІ ОПА ТАПТЫРМАЙДЫ

тиімділігі зор. Дегенмен халық оны дұрыс пайдалануда ма? Мысалы, «онлайн дем салу» дегенді кім қалай қабылдап жүр? Бұлай алып қарағанда, миға қонымыз дүние. «Дем салу» дегенге анықтама беру керек емес шығар. Сонда дем салатын адамның демі, яғни Құраны және тағы басқасы экраннан өтіп келесі адамға жете ме, қаншалықты бұл шындыққа жанасатын дүние? Біліміздер, елдің ішінде осы тұрғыда жүріп жатқан «онлайн» тірліктердің барлығы нағыз алаяқтардың ертегісі, мұндайға іліне бермеу керек. Осындай алдауға түспес үшін, шалыс қадам баспау үшін, біреуге қиянат жасамас үшін, біреудің ақысына кірмес үшін Жаратушы асқан мейіріммен, адамзатқа деген махаббатымен қасиетті Құранды түсірді, Пайғамбарды жіберді, исламды берді, — дейді Нұрлан имам.

Оның айтуынша, XXI ғасырда адамзат үшін бәрі ашық, яғни мына әлем айқын. Ақ пен қараны ажырата алатын халдеміз, бәріміздің көзіміз ашық, көкірегіміз ояу, бірақ сананы оятпай келеміз. Ал онлайн дем салатындардың өз-өздерін емші деп атауы ережеге сай келмейді.

Негізі Пайғамбарымыздың көрсетіп кеткен сүннеті бойынша адам бетпе-бет отырып дем салады. Пайғамбарымыз қолына аяттан, дұғалардан оқып, үрлеп, бетінен бастап, қолының жеткен жеріне дейін сипап дем салған. Балаларға да аяттар мен хадистердегі дұғаларды оқып, «сүф» деп дем салған. Қазір ғалымдардың көпшілігі



Ең қызығы, онлайн емшілер өздерін «Халық емшісі», «Қоғам қайраткері» деп жарнамалап жүр. Оларға мұндай атақты кімнің бергені белгісіз. Жалпы, елімізде медициналық қызметтер лицензиялануға тиіс. Алайда онлайн емшілердің көбі ресми тіркелмеген, әрі олардың қызметінің тиімділігін ғылыми дәлелдеу қиын. Бұл өз кезегінде алаяқтыққа жол ашады.

Пайғамбарымыз көрсетіп кеткен дем салудың орнын босапайтын айттып жатыр. Яғни, экраннан арғы жағында отырып дем салу, негізгі дем салу түріне жатпайды.

«ХАЛЫҚ ЕМШІЛЕРІ» КАПТАП КЕТКЕН

Көп жағдайда емшілер қашықтан биоэнергетикалық диагностика жасап, дұғалар, Құран аяттары, шөптік рецептер немесе биоәріс тазарту арқылы емдейтінін айтады. Кейбіреулері видео байланыс арқылы сеанс өткізсе, басқалары адамның суретіне қарап, аудиохабарламалар арқылы кеңес береді. Ал онлайн кеңестің құны 10 мың теңгеден басталады. Ең қызығы, онлайн емшілер өздерін «Халық емшісі», «Қоғам қайраткері» деп жарнамалап жүр. Оларға мұндай атақты кімнің бергені белгісіз. Жалпы, елімізде медициналық қызметтер лицензиялануға тиіс. Алайда онлайн емшілердің көбі ресми тіркелмеген, әрі олардың қызметінің тиімділігін ғылыми

дәлелдеу қиын. Бұл өз кезегінде алаяқтыққа жол ашады.

— «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес медициналық қызмет лицензиялауға жатады және лицензиялауға жататын медициналық қызметтің кіші түрлері «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының заңында айқындалған. «Медициналық қызметке лицензия заңды, жеке және жеке медициналық практикамен айналысатын тұлғаларға беріледі. Ол үшін оларға бірнеше талап қойылады. Атап айтсақ, санитариялық қағидаларға сәйкес келетін үй-жайлардың болуы, маманның тиісті мамандық бойынша сертификаты болуы. Жоғарыда айтылғандардың негізінде емшілік лицензияланбайды. Тек аккредиттелген ұйымдар емші сертификатын бере алады, — дейді заңгер Абай Мұратұлы.

Ал қазір аккредиттеуден өткен медициналық ұйымдар 1-2 апта курс өткізіп, «Халық емшісі» сертификатын таратып жүр. Ал шындығында, көп емшіде медициналық білімі жоқ, сондықтан олар заңды түрде қызмет көрсете алмайды. Екіншіден, дәстүрлі халық емшілігі заң бойынша нақты

реттелмеген, сондықтан емшілер өзін «баламалы емші, рухани емші» деп атайды. — Технолоияның дамуына байланысты қазір барлық адам үйден шықпай-ақ кез келген қызмет түрін онлайн алып жүр. Халықтың алдында жүрген емші, коуч-тренерлер онлайнға өтіп, пайда табудың жолына түсіп кетті. Әрине, халықтың арасында онлайн емге сұраныс болғаннан кейін, ұсыныс та азаймайды. Басы ауырып, баштыры сыздаған адам дергіне шипа күтеді. Сол кезде онлайн емшілердің сөзіне сенеді. Ал тез байығысы келетіндер жүз мыңдап ақша беріп, коучтардың кеңесіне жүгінеді. Бұл не деген батпан құйрық десеніңізші. XXI ғасырда кез келген аурудың диагнозын дәрігерлер анықтауы керек. Дем салып, сынық емдеп жүрген аузы дуалы жандар бұрыннан бар. Бірақ олар қазіргідей көп емес. Бүгінде аз шығынмен, көп пайданың соңына түсіп кеткендер баршылық. Олардың құрығына ілінген науқастар аурудың асқындырып алып жүр, — дейді дінтанушы Кеншілік Тышқанұлы.

реттелмеген, сондықтан емшілер өзін «баламалы емші, рухани емші» деп атайды.

— Технолоияның дамуына байланысты қазір барлық адам үйден шықпай-ақ кез келген қызмет түрін онлайн алып жүр. Халықтың алдында жүрген емші, коуч-тренерлер онлайнға өтіп, пайда табудың жолына түсіп кетті. Әрине, халықтың арасында онлайн емге сұраныс болғаннан кейін, ұсыныс та азаймайды. Басы ауырып, баштыры сыздаған адам дергіне шипа күтеді. Сол кезде онлайн емшілердің сөзіне сенеді. Ал тез байығысы келетіндер жүз мыңдап ақша беріп, коучтардың кеңесіне жүгінеді. Бұл не деген батпан құйрық десеніңізші. XXI ғасырда кез келген аурудың диагнозын дәрігерлер анықтауы керек. Дем салып, сынық емдеп жүрген аузы дуалы жандар бұрыннан бар. Бірақ олар қазіргідей көп емес. Бүгінде аз шығынмен, көп пайданың соңына түсіп кеткендер баршылық. Олардың құрығына ілінген науқастар аурудың асқындырып алып жүр, — дейді дінтанушы Кеншілік Тышқанұлы.

Жақында Бұрабайдың баурайында өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы халықты қитұрқы айла-амалдармен арбаушылардың көбейе түскеніне алдаушылық білдірген еді. «Соңғы кезде ел ішінде түрлі алаяқтық әрекеттер жиілеп барады... Сондай-ақ көп адам интернет-алаяқтардан зардап шегуде... Жауапты органдар бұл мәселені де назарға алуға тиіс», — деді Президент өз сөзінде. Ақпараттық қауіпсіздік комитетінің мәліметіне сүйенсек, жыл сайын елімізде 20 мыңнан астам интернет-алаяқтық фактісі тіркеледі, бірақ олардың 80%-ы ашылмай қалады. Алаяқтар түрлі әдіс-тәсілді пайдаланып, технологияға икемсіз қариялар мен балаларды да алдап түсірген. Десе де, кейде олардың құрығына қаржылай сауатты, қағілез жандар да ілігіп жатады.

Алматы облысы Полиция департаменті Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқарма басшысының орынбасары, полиция майоры Қуаныш Сайлауханның айтуынша, аялакерлер шешіп алған қаражатты бірден криптовалютаға айналдырып шетел асырады.

— Қазір Алматы облысында өзін банк немесе полиция қызметкері ретінде таныстырып, жалған құжат көрсетіп азаматтардың атына несие рәсімдеру жайттары жиі кездеседі. Одан бөлек, әлеуметтік желілерде халыққа танымал Марғұлан Сейсембаев, Михаил Ломтадзе секілді тұлғалардың атынан жарнама жіберіп, Казатомпром, Каспи, Қазмұнайгаз секілді алпауыт компанияларға инвестиция жасауға шақырады. Сілтеме арқылы өткен адам ол жерге жеке мәліметтерін енгізген соң алаяқтар оған брокерлер болып хабарласып, биржа арқылы табыс табасыз деп азаматтарды қақпаңға түсіреді. Түскен қаражатты олар бірден криптовалюта арқылы шетелдерге аударады, — дейді полиция майоры.

Сонымен қатар ол сауда платформаларынан онлайн тауар сату арқылы жұмыс істейтін алаяқтық схемалар кездесетінін айтты. Тіпті, соңғы кезде WhatsApp желісіндегі аккаунтты бұзып, аккаунт иесінің контактісіндегі азаматтардан қарыз сұрау фактілері де жиілеп кеткен.

— Мұндай қылмыстардың алдын алу бойынша қазір Алматы облысының әкімдігімен бірлесіп кешенді жұмыстар атқарып, жоспар әзірледік. Бүгінде осы бағытта тек профилактикалық жұмыс жүргізетін арнайы қызметкер бекітілді. Ол облыс аумағындағы барлық мекемеге сақтық шаралары туралы мозайка, брошюралар таратып, ескерту жасап жатырмыз. Орталық аландар мен даңғылдар бойында билбордтар да жеткілікті. Технолоияның күн санап дамуы себебінен интернеттегі қылмыс түрлері көбейе түскенімен, осындай алдын алу жұмыстарының нәтижесінде мұндай алаяқтық әрекеттердің одан әрі өршуіне тосқауыл қойып келеміз.

АЙЛАСЫН АСЫРҒАН АЛАЯҚТАР АРАМЫЗДА

Мысалы, 2024 жылдың соңғы екі айында «100 пайыз» деп аталатын профилактикалық жұмыстар жүргізілген болатын. Соның нәтижесінде облыс азаматтары тарапынан алаяқтардың құрығына ілігу азайғанын байқалды. Ішкі істер министрі 2025 жылды қылмысқа қарсы «Профилактика жылы» деп жариялады. Сол бойынша осы бағыттағы жұмыстар әрі қарай жалғасатын болады, — дейді Қуаныш Сайлаухан.

Оның айтуынша, қазір сотқа Алматы облысы бойынша 100-ден аса іс сотқа жөнелтілген. Атап айтқанда, Іле, Еңбекші-қазақ ауданында қылмыстық топтар ұсталды.

— Олардың бәрі қазір қамауда. Іле ауданында 8 адам, Еңбекші-қазақ ауданында 2 адам. Жалпы саны 100-ден аса эпизодтар мен топтар бар. Қазір Республика бойынша барлық істі қабылдап, сотқа жіберуге әзірлеп жатырмыз. Іле ауданында қылмыстық топты ұстаған кезде, оның ұйымдастырушысы Украина азаматы екені анықталды. Ол бүкіл Қазақстан бойынша азаматтарды алдап, шешіп алған қаражатты осы елдің азаматтарының есепшотына түсіреді. Оны «дроп» деп атаймыз. Дроппер — қаражат түскен картаның иесі болып табылады. Карта иесін азынаулық сыйақы үшін сатып алып, есепшотқа түскен ақшаны крипто-эмиан арқылы Украинаға жіберіп отырған. Қазір өз араларында куратор деп атайтын ұйымдастырушылары қамауда. Бүгінде алаяқтың қандай чат арқылы жұмыс істеп отырғанын, қандай крипто-эмианды пайдаланғанын көрсетіп ІМ сұраныс жібердік, — деді басқарма басшысының орынбасары.

Алдағы уақытта ақшаны бұғаттап, оның шетелде кімге тиесілі екенін, телеграм-чатының иесін анықтау жұмыстары жүргізі-

барласуы керек. Одан кейін жақын жерде орналасқан Полиция басқармасына барып, өтініш қалдыру керек. Өтініш жазған соң сол азаматтың есепшоты бірден бұғатталады», — деп сөзін түйіндеді ол.

Дроппер — алаяқтардың ұрланған қаражатты шығару үшін пайдаланатын адам. Көбінесе дропперлердің атына банк шоттары мен карталары рәсімделеді.

Тергеу барысында анықталғандай, ұсталған куратор 2024 жылдың маусым айынан бастап 50-ден астам дропты — банктік карталарды өз атына немесе басқа адамдардың атына рәсімдеген тұлғаларды басқарған. Осы шоттар арқылы 1 000-нан астам қаржылық операция жүргізіліп, жалпы сомасы 580 миллион теңгеден асқан. Әрбір транзакциядан куратор 6% комиссия алып, жалпы табысы 35 миллион теңгеден асқан, — деп хабарлады Алматы облысы ПД Киберқылмысқа қарсы күрес басқармасы.

«Антифрод орталығы» базасының мәліметінше, дроптарға қатысты қылмыстық істер елдің бірнеше өңірінде, соның ішінде Алматы облысының Қарасай және Еңбекші-қазақ аудандарында, сондай-ақ Алматы, Шымкент, Қызылорда қалаларында және Маңғыстау облысында тергеліп жатыр. Айта кетейік, куратор Telegram арқылы «оңай ақша табу» туралы хабарландырулар жариялап, дроптарды тартумен айналысқан. Ол адамдарды банктік карталарды өз атына немесе басқа тұлғалардың атына рәсімдеуге көндірген. Алаяқтар картаға қол жеткізгеннен кейін, оларды жәбірленушілерден алаяқтық жолмен алған ақшаны аудару және ізін жасыру үшін пайдаланды, мысалы, инвестиция салу немесе тауарлар мен қызметтерге ақы төлеу деген сылтаумен. Түскен ақша тез арада қолма-қол шешіліп, криптовалютаға аударылып немесе басқа есепшоттарға таратылып отырған. Куратор әрбір транзакциядан 6% пайда көрсесе, дроптарға аз ғана сыйақы төленген, ал негізгі табыс қылмыстық схеманы ұйымдастырушыларға кеткен. Нәтижесінде, дроптар қылмыстық жауапкершілікке тартылып, олардың карталары заңсыз операцияларға қолданылған, ал куратор мен ұйымдастырушылар жасырын әрекет еткен.

— Қазір күдіктілер полицияға жеткізілді, барлық қажетті тергеу шаралары жүргізілуде. Куратор уақытша ұстау изоляторына қамалды. Бұдан бөлек, күдіктілердің басқа да ұқсас қылмыстарға қатыстылығын тексеру мақсатында екінің деңгейлі банктерге санкцияланған сұраулар жіберу жоспарлануда, — деп толықтырды ведомство.

Мұндай алаяқтықтың алдын алу жолы көп. Соның бірі — қазақстандықтардың кибергиенасын, хабардарлығын және сақтығын арттыруға бағытталған Nomad Guard жобасы. Web-totem мекемесінің басшысы Руслан Түргелдиновтың айтуынша, аталған сервис арқылы азаматтар жеке деректерінің жария болып кетуі туралы біле алады. Сонымен қатар қандай деректердің таралғанын, қашан және қай жерден ұрланғанын анықтау мүмкіндігі бар.



іледі. Әрі қарай министрліктің Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл департаменті Украинаның сәйкес ведомствосымен бірлесіп қызмет атқармақ. Сондықтан полиция майоры К.Сайлаухан бұл жұмыс ел ішіндегі дропперлерді ұстаумен шектелмейтінін, әрі қарай шетелдік қылмыскерлерді табу жалғасатынын жеткізді.

Оның сөзінше, бүгінде интернет-алаяқтарға алданған азаматтарға көмектесу мақсатында ІМ қызметкерлері арнайы алгоритм бойынша жұмыс істейді. «Ең бірінші, азамат өзінің алданғаны туралы білген жағдайда бірден 102 нөміріне ха-

Оның пікірінше, көп адам уақытында дәрігерге қаралудың орнына, онлайн дем салдырады. Өркениетті, мәдениетті, саналы дәуірде өмір сүретін адам онлайн емшілердің сөзіне салықандылықпен қарауы керек. Қазіргі емшілердің 90-95 пайызы алаяқтар. Өйткені олар өз жолын аша алмай жүріп, өзге адамдарға пайдасын тигізе алмайды. Сонымен қатар онлайн емшілердің көбісі руханияттан алыс адамдар. Өтірік айту, алдау олар үшін үйреншікті әрекет. Кейде адамдар онлайн дем салдырғаннан кейін өздерін жақсы сезінгендей болуы мүмкін. Бірақ өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам. Халқымыз жақсы сөзге сенгіш.

ЖАРНАМАСЫ ЖАҚСЫ ЕМШІГЕ СЕНЕТІНДЕР ДЕ КӨП

Халықтың жаппай онлайн емшіге сенуіне бірнеше фактор әсер етеді. Атап айтсақ, интернет байланысы бар кез келген адам онлайн емшіге жүгіне алады. Яғни, онлайн емші — қолжетімді. Сонымен қатар кейбір емшілердің қызметі жеке клиникаларға қарағанда арзан.

— Адам ауырған кезде психикасы өзгеріп кетеді. Кез келген пікір науқастың мына қатты әсер етеді. Олар жақсы сөзден тез жазылып кететіндей үміттенеді. Медицинаның қауқары жетпеген кезде немесе дәрігерлердің емі ұзаққа созылып кеткенде онлайн емшілерге жүгінеді. Жарнамасы жақсы емшіге сенетіндер де көп. Екіншіден, психологияда плацебо эффектісі бар. Наука іштей «мына емшіге қаралсам жазыламын» деп сенсе, оның организмінде ауруға қарсы иммунитет пайда болып, ағзаны емдей бастайды. Кейде емшінің емі әсер етпесе де, адамның сенімі ауруға осылай әсер етуі мүмкін. Үшіншіден, қазір қоғамда ақпараттық сауатты адамдар аз. Сондықтан да онлайн емшілердің жалған жарнамасына алданып жатқандар көп, — дейді психология ғылымдарының докторы Балабек Сақтағанов.

Психология айтудыңша, әлеуметтік желідегі кейбір ақпараттар науқастың санасына жатталып, доминанттық рөлде болады. Ондай адамға «дәрігерге қарал» деген сөз әсер етпейді. Ол тек онлайн емшіге қаралуды ойлап тұрады. Сонымен қатар эмоционалды қорқыныш та онлайн емшіге баратындар санын арттырады. Емшілер психологиялық тұрғыда әлсіз адамдарға көңілдерінен шығатын, оңай жолдар ұсынады.

— Бала кезден «көз тиеді, дем салдыр» сияқты ақпаратты қабылдап өскен адам қиын жағдайға ұшыраса, осындай сыртқы күштердің әсерінен деп ойлайды. Осылайша, бірден онлайн емшіге хабарласады, — дейді Балабек Сақтағанов.

Онлайн дем салдыру, экранның арғы жағынан жабысқан жауырынды жаздыру біреуге күлкілі болып көрінуі мүмкін. Бірақ бұл — қоғамның дәрісін сүретін, ақшасын төлеп шипа іздейтіндер саны көбеймесе, азайр емес.

ҚОҒАМ

27 НАУРЫЗ 2025 | БЕЙСЕНБІ

Дмитрий МАЛАХОВ,
Жоғары Сот Кеңесінің төрағасы:

СОТ ТӨРЕЛІГІНІҢ САПАСЫН АРТТЫРУ МАҢЫЗДЫ

Сот жүйесі мемлекет ұстындарының бірі екені даусыз. Әділдік іздегендер жүгінетін органның беделінің артуы, білікті кадрлармен жасақталуы, реформалануы заман талабына айналған. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев сот жүйесін жетілдіруге ерекше көңіл бөліп келеді. Соның ішінде Жоғарғы Сот Кеңесіне де айрықша міндеттер жүктелген. Былтыр қазан айында өткен Қазақстан судьяларының съезінде Мемлекет басшысы: «Жоғары сот кеңесі тәуелсіз әрі кәсіби соттар корпусын құруда гарант болуы тиіс. Сонда ғана сот жүйесі құқықтың үстемдігін, азаматтар мен бизнестің құқығының шынайы қорғалуын қамтамасыз ете алады», – деген еді.

Одан бұрын, 2024 жылғы шілдеде Сот төрелігі академиясы Жоғарғы Соттың қарамағынан шығарылып, Жоғары Сот кеңесіне берілді. Бұл да саланы жетілдіруге бағытталған іс-шаралардың бірі болса керек. Ал Жоғары Сот Кеңесі Қазақстан Республикасы Президентінің соттарды қалыптастыру жөніндегі конституциялық өкілеттіктерін, судьялардың тәуелсіздігі мен оларға ешкімнің тиіспеу кепілдіктерін қамтамасыз ету мақсатында құрылған. Осы орайда біз Жоғары Сот Кеңесінің төрағасы Дмитрий Малаховпен жолығып, Сот төрелігі академиясы жайлы әңгімелескен едік.

– Дмитрий Михайлович, болашақ судьяларды даярлау жүйесін одан әрі жаңғырту мақсатында Сот төрелігі академиясы Жоғарғы Соттың қарауынан Жоғары Сот Кеңесінің қарауына берілді. Академия қызметінде қандай сапалы өзгерістер жоспарланып отырғанын айтып өтсеңіз.

– Кәсіби судья кадрларын қалыптастыруда шешуші рөлді Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот төрелігі академиясы атқарады. Бұл – бүгінде судьялар корпусын қалыптастыру, сондай-ақ қазіргі судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерінің кәсіби деңгейін арттыру жөніндегі міндеттерді іске асыратын ерекше мәртебесі бар жалғыз жоғары оқу орны.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы судьяларының ІХ съезінде сойлеген сөзінде судьяларды мұқият іріктеу және олардың біліктілігін арттыру қажеттігіне назар аударды. Ол Жоғары Сот Кеңесі тәуелсіз және кәсіби судьялар корпусын құрудың кепілі болуы тиіс екенін атап өтті.

Қойылған міндеттерге байланысты, 2025 жылғы 11 ақпанда менің өкіміммен Сот төрелігі академиясын дамытудың 2025–2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітілді. Бұл стратегиялық құжатта Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі қызметінде жүргізіліп жатқан реформаларды, сот жүйесін, практик және материалдық зерттеулерді, сондай-ақ сот практикасын жетілдіруді ескере отырып, Сот төрелігі академиясын

дамытудың негізгі бағыттары көрсетілген.

Алдағы өзгерістер Академия қызметінің білім беру және ғылыми бағыттарын нығайтуға, сондай-ақ оның кадрлық және материалдық-техникалық әлеуетін нығайтуға бағытталған. Академия қазіргі заманның барлық сын-тегеуріндері мен сот төрелігінің міндеттеріне жауап беретін кәсіби судья кадрларының ордасы болуы қажет

– Оқу процесі қалай құрылады және академияда оқудың артықшылықтары қандай?

– Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот төрелігі академиясы өзінің мәртебесіне сәйкес жоғары білікті судьяларды даярлау қажеттілігіне байланысты білім беру мазмұны мен қолданылатын білім беру технологияларын анықтауда толық дербестікке ие.

Академиядағы білім беру процесі болашақ судьяларды мамандандырылған магистратура арқылы дайындауға бағытталған. Осы оқу жылында академияда 97 магистрант бар, оның 60-сы мемлекеттік тапсырыс бойынша, ал 37-сі ақылы негізде оқиды. Өткен оқу жылымен салыстырғанда магистранттар саны 35%-ға өсті, яғни судья мамандығына деген қызығушылықтың айтарлықтай артқанын көрсетеді. Бұл үрдіс ақылы негізде білім алушылар санының өсуін де растайды.

Академия қабырғасындағы болашақ судьялар зерттеу мен сот практикасын зерттей отырып, күшейтілген дайындықтан

өтеді. Академияда оқу тәжірибеге бағытталған, ал интерактивті әдістерді қолдану түлектерге судьяның кәсіби қызметінің ерекшеліктеріне тез бейімделуге мүмкіндік береді. Оқытудың негізгі әдістерінің бірі – сот процестерін рөлдік модельдеу. Осындай сабақтар шеңберінде магистранттар судья, прокурор, адвокат, сарапшы және сот процесіне басқа да қатысушылардың рөлдерін орындайды, бұл тақырыпты талқылауға белсенді қатысуды ынталандырады және практикалық дағдыларды дамытады.

Академияда оқыту кейс-стади, топтық жұмыс, пікірталастар, «миға шабуыл», бинарлы сабақтар және дөңгелек үстелдер ұйымдастыру сияқты белсенді оқыту әдістеріне негізделген. Мұның бәрі тағымдық белсенділікті дамытуға және магистранттарды кәсіби мансабында кездесетін нақты жағдайларға дайындауға ықпал етеді.

Оқу аяқталғаннан кейін, академия түлектері судья лауазымына біліктілік емтиханын тапсырады және одан әрі бос судья лауазымдарына конкурстарға қатысады.

– Дмитрий Михайлович, болашақ судьяларға кім сабақ береді және академияның ұйымдық құрылымы қандай?

– Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот төрелігі академиясының үш негізгі ғылыми-білім беру орталығы бар, олардың әрқайсысы белгілі бір құқық саласына мамандандырылған: мемлекеттік-құқықтық пәндердің орталығы, қылмыстық-құқықтық пәндердің орталығы және азаматтық-құқықтық пәндердің орталығы. Бұл орталықтар сот ісін жүргізудің төрт түрі бойынша пәндерді оқытуға қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар академияда келесі үш бағыт бойынша білім беру процесін үйлестіретін Академиялық бағдарламалар мен жобалар орталығы жұмыс істейді: қосымша және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, сондай-ақ зерттеу және халықаралық жобалар.

Академияда жоғары білікті ғалымдар мен тәжірибешілерден тұратын оқытушылар құрамына ерекше назар аударылады. Оқытушылардың 75%-дан астамы – Жоғарғы Соттың және жергілікті соттардың судьялары, бұл білім алушыларға нақты сот практикасымен тікелей байланысты білім мен тәжірибе алуға мүмкіндік береді.

– Сот төрелігі академиясының алдағы жоспарлары мен даму келешегі қандай?

– Болашақта академия халықаралық



тәжірибені зерделеу және судьяларды даярлауға шетелдердің үздік тәжірибелерін енгізу арқылы өз қызметінің көкжиегін кеңейтуді жоспарлап отыр. Келешегі зор жобалардың қатарында – ғылыми жұмысты дамыту, халықаралық байланыстарды нығайту және ғылыми-педагогикалық магистратура, докторантура сияқты жаңа білім беру бағдарламаларын іске қосу бар.

Қазіргі уақытта академия қызметі жетекші шетелдердің сот жүйесінің жұмыс істеуінің жан-жақты тәжірибесін зерделеу және оң тәжірибелермен алмасу арқылы Қазақстан үшін судья кадрларын даярлау сапасын одан әрі дамытуға және арттыруға бағытталған.

Судьяларды даярлау мен тағайындаудың германдық жүйесінің үлгісі бойынша құрылған референдиат курсы алғаш рет іске қосылды. Бұл курста тыңдаушылар өздерінің теориялық және практикалық білімдерінің деңгейін арттыра алады, бұл болса біліктілік емтиханынан сәтті өтуге ықпал ете отырып, болашақта сот төрелігін жүзеге асыру сапасына да әсер етеді. Сондай-ақ академияның профессорлық-оқытушылар құрамы мен жұмыскерлерінің ғылыми қызметін жандандыру, оның ішінде өріптестермен бірлесіп судья кадрларын даярлауды жетілдіру мәселелері бойынша білім беру іс-шаралары мен ғылыми зерттеулер жүргізу жоспарлануда. Осы мақсатта академия судьялар мен сот жүйесінің қызметкерлерін даярлаумен айналысатын білім беру мекемелерімен серіктестік орнатуды және нығайтуды жоспарлап отыр.

Бүгінде Жоғарғы Сот Кеңесінің қызметі қоғамдағы сот кәсібінің абырой-беделін арттыруда көздейді. Осыған байланысты біздің жұмысымыз болашақ

судьялар арасында кәсіби және этикалық стандарттарды дамытуға, әділдік, тәуелсіздік және бейтараптық құндылықтарын дәріптеуге бағытталған. Білім беру бағдарламалары мен іс-шаралар арқылы сот кәсібінің құқықтық мемлекеттің тұрақты дамуы үшін оның маңызын баса көрсете отырып, оның оң бейнесі қалыптастырылатын болады.

Осылайша, Сот төрелігі академиясы елдің сот жүйесінің қажеттіліктері үшін ең жақсы мамандарды даярлау үшін өзінің білім беру және ғылыми қызметін жетілдіруге ұмтылуды жалғастыруда.

– Сот төрелігі академиясына қалай түсуге болады?

– Сот төрелігі академиясына мемлекеттік тапсырыс бойынша да, ақылы негізде де түсуге болады. Оқытудың бюджеттік нысанына түсу үшін жоғары заң білімінің, заң саласында кемінде 5 жыл жұмыс өтілінің болуын және құжаттарды қабылдау аяқталған сәтте жиырма тоғыз жасқа толуын қоса алғанда, бірқатар талапқа сай болу қажет. Құжаттарды қабылдау 1 маусымнан 29 шілдеге дейін, ал қабылдау емтихандары 5-22 тамыз аралығында өтеді. Бұл емтихандарға кешенді тестілеу, кейсігі шешу және эссе жазу кіреді.

Осылайша, Жоғарғы Сот Кеңесі жанындағы Сот төрелігі академиясы судьялар жүйесінде кәсіби мансапқа ұмтылатындарға айқара есік ашады. Судьялар корпусының қатарын әртүрлі мамандармен толықтыру – елдегі сот төрелігінің сапасын арттырудың маңызды қаламы.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Ардақ СҰЛТАН

Еліміздің барлық азаматтарына білікті заң көмегін тегін алуға кепілдік беріледі. Тегін заң көмегін алудың екі тәсілі бар: мемлекет тарапынан кепілдік берілген және кешенді әлеуметтік заң көмегі.

Мемлекет тарапынан кепілдік берілген және кешенді әлеуметтік көмектің басты айырмашылығы – бірінші жағдайда адвокаттың жұмысы мемлекеттік бюджет есебінен төленеді, ал екіншісінде заңгерлер өз еркімен және ақысыз заңгерлік қызмет көрсетеді. Тегін заң көмегін көрсетуге уақыт шектеулері белгіленбейді. Бұл ретте сол мәселе бойынша азамат мемлекет кепілдік берген заң көмегін бір рет ғана ала алады.

1. Мемлекет кепілдік берген заң көмегі құқықтық акпараттың ақпарат беру мен кеңес беру, сондай-ақ соттарда тұрғындардың мүдделерін қорғау мен ұсыну қызметтерін қамтиды.

Құқықтық акпарат беру дегеніміз – заңнаманың кез келген мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың ауызша немесе жазбаша түрде акпарат беруі. Ол барлық жеке және заңды тұлғаларға беріледі.

Кенес беру азаматтардың өтініштеріне, шағымдарына ауызша және жазбаша кенес беру қызметін қамтиды. Бұл орайда құқықтық кенес беру азаматтардың келесі санаттарына көрсетіледі:

- алимент, зейнетақы, жәрдемақы, оналту, босқын немесе қандас мәртебесі мәселелері бойынша жеке тұлғаларға, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға;

- сексуалдық зорлық-зомбылық, адам саудасы, ланкестік және өз құқықтарын қорғауда азап тартқан құрбандарға;

- асыраушысынан айырылған адамдарға;

- еңбек қызметіне байланысты денсаулығына зақым келуі немесе қылмыстық құқықбұзушылықтан келтірілген зиянды өтеу мәселелері бар адамдарға;

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ – ҚАЛҚАНЫҢ



Бұл интернет-порталдың артықшылығы – оның қолжетімділігі, пайдаланудың қарапайымдылығы, кеңес алу үшін мамандандырылған заңгерді таңдау мүмкіндігі, отбасы құқығы мен тұтынушылардың құқықтарын қорғауға қатысты көптеген мәселе бойынша көмек алу қызметінде.

- соғыс ардагерлеріне, әскери қызметкерлерге, мүгедектерге және зейнеткер жасына байланысты, кәсіпкерлік қызметпен байланысы жоқ мәселелер бойынша;

- көпбалалы отбасыларға;

- кәсіпкерлік қызметпен байланысы жоқ табысы төмен адамдарға.

Сотта өкілдік ету – соттарда, құқық қорғау органдарында, өзге де мемлекеттік мекемелерде және мемлекеттік емес ұйымдарда азаматтардың мүдделерін қорғау. Бұл ретте талапкерлер де, жауапкерлер де заңгер қызметтеріне ақы төлеуден босатылады.

Сотта азаматтардың мүдделерін қорғау әкімшілік жауапқа тартылатын адамдарға;

азаматтық іс бойынша талапкерлер мен жауапкерлерге, сондай-ақ әкімшілік іс бойынша талапкерлерге; қылмыстық іс бойынша күдіктілерге, айыпталушыларға, сотталушыларға, сотталғандарға, ақталғандарға және жәбірленушілерге көрсетіледі.

Азаматтарға тегін көмек көрсетудің екінші түрі – кешенді әлеуметтік құқықтық көмек. Ол клиент өтініш берген сәттен басталып, ісі бойынша түпкілікті шешімге дейін қолдау көрсетіліп, жазбаша шарт жасалады.

Алайда мұндағы басты ерекшелік: азаматтық сот ісін жүргізу шеңберінде кәсіпкерлікке байланысты даулы жағдайлар бойынша кешенді әлеуметтік көмек көрсетілмейді.

Кешенді әлеуметтік көмек алушылар бірнеше топқа бөлінеді:

- Ұлы Отан соғысының және басқа да мемлекеттердің аумағында болған соғыс ардагерлері;
- зейнеткерлер, оның ішінде қарттар үйінде тұратындар;
- қандастар, босқындар және табысы төмен шетелдіктерді қоса алғанда атаулы әлеуметтік көмек алатын адамдар;
- І және II топтағы мүгедектер;
- мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналар немесе мүгедектігі бар көмекке толған адамдардың қамқоршылары;
- арнайы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж адамдар (мысалы, зорлық-зомбылықтан зардап шеккен жетімдер, үйсіз адамдар).

Мемлекет кепілдік берген заң көмегіне ұқсас – әлеуметтік заң көмегі азаматтардың құқықтарын қорғау үшін құқықтық акпараттандыруды, кенес беру және басқа да қызметтерді қамтиды.

Әлеуметтік заң көмегін алу үшін тұрғындар адвокаттар алқасына, тұрғылықты жері бойынша заң кеңесшілері палатасына жүгіне алады. Мұнда азаматтар жеке куәлігі ме тегін көмек алу құқығын растайтын құжаттарды ұсыну қажет.

«Е-Заң көмегі» интернет-порталы – азаматтар үшін маңызды құрал, бұл заң кеңесіне жүгінуге мүмкіндігі жоқ тұрғын-

дарға қатысты. «Е-Заң көмегі» Қазақстанның барлық тұрғындары үшін тегін негізде құқықтық мәселелер бойынша алғашқы заң көмегін (кенес беру) беру қызметі.

Бұл интернет-порталдың артықшылығы – оның қолжетімділігі, пайдаланудың қарапайымдылығы, кенес алу үшін мамандандырылған заңгерді таңдау мүмкіндігі, отбасы құқығы мен тұтынушылардың құқықтарын қорғауға қатысты көптеген мәселе бойынша көмек алу қызметінде.

Заң көмегін алу үшін қалаға барудың немесе адвокат іздеудің қажеті жоқ, тек қана интернеттің болуы жеткілікті. «Е-Заң көмегі» интернетпен жұмыс істеудің негізгі дағдыларын білетін әр азамат пайдалана алады. Бұл үшін ұялы телефонға жүктелетін қосымшаны пайдалану жеткілікті.

Тегін заң көмегін алудың тағы бір жолы – интернет болмаған кезде телефон арқылы кенес алу. Бұл көмекті сенім телефоны арқылы алуға болады: 1414 немесе 119. Бұл құқықтық акпараттық қызмет бүкіл Қазақстан бойынша тегін және тәулік бойы жұмыс істейді, онда операторлар мамандандырылған заңгерлермен байланысады, сұрақтарға жауап береді және ұсыныс-кенес береді. Кейбір жағдайларда операторлар жергілікті мәселелерді шешуге көмектесетін мамандарға бағыттайды.

Республика тұрғындарының құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында «Әділет кеңес бері», «Ашық есік күні», «Халық заңгері» науқандары өткізіледі. Аталған іс-шараларда мемлекеттік органдардың өкілдері, заңгерлер, адвокаттар азаматтарды қабылдайды және тегін заң көмегін көрсетеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес әрбір азамат білікті заң көмегін алуға құқылы. Азаматтарға тегін заң көмегін көрсету – тұрғындар үшін өз құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында маңызды ресурс. Азаматтардың өз құқықтары мен қолжетімді мүмкіндіктерін білу – кез келген заңды мәселелерді шешудің алғашқы қадамы.

Диас ШӘРІПБАЙ,

Әділет министрінің Құқық түсіндіру және үйлестіру департаменті директорының орынбасары

АЙМАҚ

27 НАУРЫЗ 2025 | БЕЙСЕНБІ

ШЕГІРТКЕ ШЫРҒАЛАҢҒА ТҮСІРМЕСІН

Түркістан облысының шаруалары жаз шыға салысымен шегіртке шырғалаңына тап болады. Облыстағы егін алқаптарында, тіпті ауыл-аймақта шегіртке қаптау үйреншікті болып барды. Былтыр соңғы 5 жылда болмаған шегіртке қаптады. Талай егістік зиянкестерге жем болғанын былай қойғанда, жұрт көшеге шыға алмай қалды. Балалар мектепке бет-аузын тұмшалап барса, үлкендер де үйден шыға алмай, күнделікті тіршілігінің берекесі кетті. Шегіртке егіндік пен жайылым жерден бөлек үй ауласындағы бауды да қаптап, ағаш жапырақтарын жеп, аулаға еккен гүлге дейін отап тастаған. Даладағы жантаққа дейін жепшөп тапшылығы, шөптің қымбаттауы да осының салдарынан болды.

А Назгүл НАЗАРБЕК,
Түркістан облысы

Облы не керек, жыл сайын өңірлі шегіртке қаптаған кездері Астанадан ат арытып, Ауыл шаруашылығының министрлері кеп жатады. Қанша жерден жұмысты күшейтіп, дернәсілдерге қарсы дәріні көбейткенмен, жылдағы жыр қайтанып келеді. Былтыр шегірткенің нағыз қаптап, халық ашынып тұрған тұсы маусым айының ортасында Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров Түркістан облысына арнайы жұмыс сапарымен келіп, жұртты сабырға шақырып, министрлік тарапынан атқарылып жатқан жұмыстарды тізбектеген. «Биыл өңдеуге 2,5 млн гектар алқап жоспарланған, бұл соңғы жылдардағы химиялық өңдеудің ең кең аумағы болып саналады. Өткен 2023 жылмен салыстырғанда бұл 1 млн гектарға артық. Салыстырмалы түрде айтар болсақ, біздегі өңделетін жер Орталық Азияның барлық елі өңдейтін аумақты қосқанда да көп болып тұр. Дегенмен тиісті шара қолданудамыз», — деген болатын министр.

Қалай болғанда да шегірткелер шабуылынан талай шаруашылық дақылдары зардап шекті. Өсімдіктердің сапасы төмендеді. Есіл еңбегі зия кеткен диқандар сан соғып қалды.

Иә, ерте бастан қамданғанның қапы қалмайтыны анық. Биыл да зиянкестермен күрес жұмыстарын зерделеу, шегіртке шырғалаңына тап болмау мәселелері еліміз бойынша өзекті болып тұр.

Түркістан облысында жылдағы дәстүрмен ауыл шаруашылығы дақылдарын шегіртке зиянкестерінен қорғау мақсатында ауқымды шаралар былтырғы

жылдың соңында басталып кеткен. Дәл қазір қызу жұмыс қолға алынууда. Биыл егістікті жайпап, көк өскінді баудай түсіретін шегірткеге қарсы күресті ол есіп жетілмей тұрып, тұқымынан құрту шараларының дайындығы бөлек.

Былтыр жерге ерте көктемнен дәрі себіліп, зиянкестерге қарсы өңдеу жұмыстары жүйелі жүргізілді. Бұл жұмыстардың 192 мың гектары республикалық бюджет есебінен қаржыландырылса, қалған бөлігі жергілікті бюджет арқылы жүзеге асырылады. Өңдеу шараларына 2 мыңнан астам адам тартылып, әр жұмысшы топқа 5 техникадан бөлінеді, жалпы саны 325 бүрку техникасы пайдаланылған.

Облыс әкімі Нұралхан Көшеровтің төрағалығымен өткен жиында шегірткеге қарсы күрес мәселесі талқыланып, әкім жұмысшы топтардың, техникалардың және зиянкестерге қарсы дәрілердің толық дайын болуын тапсырды. Биыл әр ауданға облыстық басқармалар мен мекеме басшылары жауапты болып бекітілді.

Мамандардың болжауынша, ауа райының қолайлы болуына байланысты шегірт-



ке дернәсілдері сәуір айының алғашқы онкүндігінде шығады деп күтілуде. Сондықтан зиянкестердің таралуын болдырмау және ауыл шаруашылығы өнімдерінің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында өңдеу жұмыстарының уақтылы және сапалы жүргізілуі ерекше маңызға ие болып отыр.



Сексен көлді өңіріне алқа етіп таққан Көкше аймағында балық шаруашылығының берекесі кетті дегенге сенбейтіндер көп. Дегенмен бір кездері уылдырықтан балық тұқымын өсіріп, балықтарды тайдай тулатқан шаруашылықтар жаппай құрып, су аяғы құрдымға кеткені ақиқат.

А Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Бір кездері өңірде оннан астам балық шаруашылығы болғанымен, қазір теріскей облыстарда тек жалғыз Зеренді балық шаруашылығы ғана қалған. Оның өзінде шаруасы шатқаяқтап, тіпті «зерлі Зеренді көлінің іргесіндегі 352 гектарды алып жатқан шаруашылықтың жері бәсекелі ортаға беріледі екен» деген жайсыз хабар табиғат жанашырларын бұл балық шаруашылығының да мүлде жабылып қала ма деп алаңдатып отыр.

Өңіріміздің әлқиссасын шаруашылықтың теренге бой тартқан тарихымен бастасақ. Жарты ғасырдан астам уақыт балық тұқымын өсірумен айналысатын шаруашылық сонау 1969 жылы балық зауытының еншілес кәсіпорны ретінде құрылған. Зеренді көлінің жағасын бойлай салынған кәсіпорынның жалпы аумағы 352 гектарға созылған. Кеңес дәуірі кезінде тұқым шаруашылығының дәурені жүріп ақсақа тұқымдас балықтарды 80 миллионға дейін, тұқы тұқымдастарын 20 миллионға дейін шығарған деседі. Ғылыми максаттармен қоса шаруашылықтың балық тұқымдарынан мол пайдаға да кенеліп, белгіленген жоспарды асыра орындағаны да тарих беттерінде сайрап тұр. Көкше өңірінің жүздеген көлін балыққа қаптатқан шаруашы-

БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА БАЛТА ШАППАЙЫҚ

лықтың тасы өрге домалаған тұсы да сол Кеңес дәуірінде 1979 жылдан 1992 жылға сәйкес келіпті. Ал байтал түгі бас қайғы болып, балапан басына, тұрымтай тұсына кеткен 1994–2002-жылдары елдің барлық шаруашылықтары сияқты балық өсіру шаруашылығының да жағдайы шатқаяқтапты. Бір кездері балықтың баланқұрттың миллиондап шығарған шаруашылықтың өндірісі тығырыққа тіреліп, қымбат құрылғылары тістегеннің аузында, ұстағанын қолына түсіп талаң-таража түскен. Сөйтіп ескі бөздей тозған балық өсіру шаруашылығы «Көкшетау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің қарауына берілген. Ал 2014 жылдан бастап Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының құзырына ілігіпті.

Кәсіпорын директорының орынбасары Ксения Балмағамбетованың айтуынша, шаруашылықты бүгін де толғандыратын мәселелер аз емес. Ішіндегі ең өзектісі, сол балық шаруашылығының өзінде аналық балықтарды бағатын су қоймасының болмауы жағдайды аса күрделендіріп жіберген. Шаруашылық Зеренді көлінің дәл іргесінде орналасқанымен, мұнда аналық балықты бағуға рұқсат етілмеген. Ал қолда бар ақсақа және тұқы тұқымдарын өсіру үшін арнайы тәжірибелі су қоймалары қажет. Шаруашылық бұл мәселені жергілікті атқарушы өкімдіктерден бастап құзырлы органдарға дейін хат жазып, балық өсіру қоймаларын өздеріне беруді сұраған. Бірақ түптеп келгенде, баяғы жартас сол жартас күйі қалған.

— Қазіргі тұста кәсіпорын су айдындарын жалға алып жұмыс істеп отыр. Өсірілген жас балықтарды табиғатты пайдаланушы, яғни ұлттық паркпен қылдай етіп бөліп



аламыз. Аймақта су айдыны көп болғанымен, оның бәрінде балық өсіруге қолайсыз. Өйткені көлдердің көпшілігі далалық көлдерге жатады. Яғни, суы қыстын сарышұнақ аязында көлдің табанына дейін бауырлай қатып қалады. Табиғаты қытымыр теріскейдің суығында мұндай жағдайда балық өсіре де алмайсың, — дейді Ксения Балмағамбетова.

Ресми деректерге жүгінсек, 1959 жылы жарияланған «Тың аймағындағы жерүсті су қорлары» деп аталатын ғылыми еңбекте бұрынғы Көкшетау облысының аумағында үлкенді кішілі 1 515 көл болғандығы жазылған. Бұған кейінгі жылдарда әкімшілік-аумақтық бөліністер арқылы қосылған Қорғалжын аймағындағы ондаған көлді қосыңыз. Алайда бұл көлдердің бұрын көпшілігі экологиялық ахуалдың күрт нашарлауынан кеуіп, көлдің табанындағы булақтары бітеліп, құр қамыс толы қорыстарға айналып шыға келген.

Кәсіпорын директоры орынбасарының айтуынша, тап осы мәселелер шешімін тапса, аймақ көлдерінде балықтың да санын көбейтіп, ішкі нарықты жергілікті балық өнімдерімен қамтамасыз етуге де мол мүмкіндік болар еді. Алайда оған аналық балықтарды бағатын көлдермен қоса қажетті арнайы құрылғылардың да тапшылығы тежеу болған.

— Кәсіпорынға арнайы құрылғылар ауадай қажет. «Сибирь», «Вейс» сияқты аппараттар орнатылса, елдің кәсіпкерлері Ресейден тасымалдап жүрген балық баланқұрттарын жасанды түрде өсіруге мүмкіндік болар еді. Бізге кішкентай балықтарды өсіру үшін пластикадан жасалған ваннаның қажеттілігі



Осы тұста Түркістан облысы әкімінің орынбасары Нұрбол Тұрашбековтің шегірткеге қарсы күрес жұмыстарын үйлестіруге белсенді әрекет етіп келе жатқанын атап өткіміз келеді. Оның жетекшілігімен облыста 4 жедел штаб құрылып, зиянкестермен күрес бойынша жұмыс күші жасакталды. Нұрбол Әбдісаттарұлы зиянкестерге қарсы күрес өз уақытында жүргізілетінін айтады. 2024 жылдың 31 желтоқсанында облыс әкімінің өкімімен Аса қауіпті зиянды организмдермен күресу үшін ұйымдастыру және үйлестіру жұмыстарын жүргізу штабы құрылып, бүгінде күнделікті дайындық жұмыстары атқарылып жатыр.

Қазір облыс әкімі орынбасарының басшылығымен Түркістан облысында шегірткеге қарсы күрес шаралары жүйелі түрде ұйымдастырылып, зиянкестердің ауыл шаруашылығына тигізетін зиянын азайтуға бағытталған жұмыстар қарқынды жүргізілуде. Шегіртке зиянкесі қоныстанған 9 аудандағы жер алқаптарының 15 мың гектардан бөлінген картасы әзірленіп, жалпы 65 аумақта жұмысшы топ жасакталды. 65 аумақта жұмысшы топтың жасакталуы, әр жұмысшы топқа 5 техникадан

бөлініп, жұмыстың арнайы схемамен басталуы биылғы дайындықтың жөні бөлек екенін аңғартады. Эрауданға облыстық басқармалар мен мекеме басшылары жауапты болып бекітілді. Жалпы, 325 бүрку техникасы қатысып, 2 000-нан аса адам жұмылдырылады деп күтіліп отыр.

Нұрбол Тұрашбеков жуырда Арыс қаласы Қожатоғай ауылындағы жедел штаб құрамымен кездесіп, дайындықты пысықтады. Семинар барысында шегіртке дернәсілдерін анықтаудан бастап химиялық өңдеуден соң тазалауға дейінгі жұмыстар үйлестіріліп, міндеттемелер бекітілді. Ол жауапты тұлғаларға жұмыстарды аса жауапкершілікпен және уақытылы атқаруды тапсырды. Облыс басшысының қатан бақылауында тұрған мәселені өзі жіті назарда ұстайтынын ескерті. Аудан, қала әкімдіктері тарапынан 980 анықтаушы тізімі бекітіліп, «Болжам әдістемелік орталығы» анықтаушыларға жұмыс істеу барысын оқытып, оларды дайындықтан өткізген.

Сонымен қатар 65 жұмысшы топқа жататын орындар дайындалып, жұмыс ертіндісін әзірлеуге қажетті 206 су көздері белгіленген. Анықтаушыларды тасымалдауға 86 микроавтобус, су жеткізуге 45 арнайы автокөлік, жанар-жағармай жеткізуге 30 арнайы автокөлік әзірленіп жатыр.

3 000-ға жуық жайылым жер иелеріне хабарлама беріліп, ендігі кезекте олар да анықтау шараларына қатыспақ. Жұмысшыларды азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесі де назарда. Түркістандықтар, бұйырса, биыл осынау жүйелі жұмыстардан соң шегіртке мүлдем жойылып кетпесе де бірқатар азаяр деген үміте отыр. Өліптің артын бағайық.

шаруашылығын барынша дамытқан жөн. Әсіресе, ақсақа тұқымдас балық қымбат. Өзіміздегі жалға алынған көлдерде тауарлық балықтардың тұқымын көбейтсек оның нарықтағы құны да төмендейтіні заңдылық қой, — дейді табиғатты пайдаланушы кәсіпкер Ерлан Мұқанов.

Ксения Балмағамбетованың айтуынша, балық өсіру шаруашылығының жалпы жағдайы ғана емес, шаруашылықта жұмыс істейтін қарапайым жұмысшылардың да жағдайы мәз емес. Өз ісіне шын берілген балық өсірушілер мұздай суық суда еңбек еткенімен жалақысы мардымсыз.

— Жұмысшыларымыздың жалақысы тым төмен. Қазір небәрі 97 мың теңгеге жұмыс істеп отыр. Мұндағы жұмыс тәулік бойы бір тоқтамайды. Іші салқын. Мұздай суда жүріп жұмыс істеуге тура келеді. Бірақ еңбекақыны өсіруге еш мүмкіндік жоқ. Мәселен, электр қуатының төлеммақысына жылына 5 миллион теңге бөлінгенімен, іс жүзінде 20 миллион теңге қажет болады. Сондай-ақ жанармай да жеткіліксіз. Бұл мақсатқа бөлінген үш жарым миллион теңге жүк та болмайды. Бар шаруаны еш қапысыз жүргізу үшін 18 миллион теңге қажет. Балық азығын да алу оңайға түспейді. Азық жетіспегендіктен жас балықтарды да өсіріп жеткізу қиын. Бұл мәселені шешу үшін де кемінде 15 миллион теңге қажет, — дейді Ксения Балмағамбетова.

Жергілікті балық шаруашылығындағы аса күрделі мәселелер бар екенін облыстық Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының басшылығы да мойындады. — Мұндай мәселелердің туындап жатқаны рас. Алдағы уақытта мүмкіндігінше көмек көрсетіледі, — дейді басқарма басшысы Джанет Микнишев.

Бір жақсысы, жергілікті балық өсіру кәсіпорны табиғат жанашырларын алаңдатқан бәсекелі ортаға беру туралы ұйғарым тоқтатылып, облыс әкімімен болған жиынан кейін арнайы хаттама бекітіліп, шаруашылық одан әрі бұрынғыдай жұмыс істейтін болып шықты.



P.S.

Бір өкініштісі сол, аймақтағы көлдерде жас балықтарды өсіріп, ондаған көлдегі тіршіліктің тамырына қан жүгіруіне мол мүмкіндік болғанымен, шаруашылықтың аналық балықты өсіруге көл табылмаған. Ал бұл мәселе шешілсе, аймақты тіпті республика аумағында алыс-жақын шетелдерден жеткізілетін балық тұқымдарымен бәсекеге емін-еркін түсеуге де мол мүмкіндік болар ма еді? Көкшенің сексен көлінде балығы тайдай тулап жатса, тұралап жатқан туризмнің де табысы молайып, жұмыссыз жүрген жұрттың екі қолға бір күрек табуына да жағдай тұмас па еді дейсің? Мұнымен қоса, көл айдынында балаларға арналған экскурсиялар ұйымдастырылып, қызықты мәліметтер беріле балалардың да су шаруашылығы жайлы білім көкжиектері кеңейіп, табиғатымызды түсінуге бір табан жақындатар ма еді? Әрине, бұл максаттардың орындалуы үшін тиісті салалардың өзара бірлескен әрекеті мен жауапкершілігі ауадай қажет болып тұр.

27 НАУРЫЗ 2025 | БЕЙСЕНБІ



ШОҚАН – ЖАҢА ҚАҢАРМАН

Жақында кішкентай көрерменді қуантқан «Шоқан. Қашқария сапары» атты толықметражды анимациялық фильм жарыққа шықты. Бұл мультфильм белгілі ғалым Ш. Уәлихановтың әйгілі Қашқария экспедициясына негізделген. Төртінші құрылтайда Президент киноның маңызды идеологиялық құрал екенін атап өткен болатын. Соның ішінде «Шоқан. Қашқария сапары» мысалға келтіре отырып, туындының өскелең ұрпаққа тарихи тұлға Шоқан Уәлиханов туралы мәлімет беретінін негізге алды және қазақ тілінде ұлттық нақышта түсірілген осындай мультфильмдер көп болуына ерекше мән берді.

А Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Ғалымның туғанына 190 жыл толуына орай дайындалған анимациялық жоба Қашқарияға саяхат оқиғасымен өрбиді. Мультфильмнің басты ерекшелігі — жанрында. Кішкентай көрерменді қызықтыру мақсатында фантазия жанры қосылған. Уақыт кеңістігінде жасырылған сиқырлы компасты тауып алған 8 жасар Азат кенет 1858 жылға тап болады. Бұл — Шоканның Қашқарияға сапарының басталған уақыты. Осылайша, кішкентай кейіпкер ғалыммен бірге Қашқар қаласына сапарға аттанады. Фильм желісі шытырман оқиғаға толы. Негізгі мазмұны — кейіпкерлердің Қашқар қаласының тыныштығын сақтау мен оны зұлымдықтан қорғау үшін күресі. Тольғырақ айтсақ, Шоқан Қашқарияға Тянь-шань тауларын ашқан Петр Семеновтің өтінішімен аттанады. Ол берген сиқырлы кілтті Қашқар қаласына жеткізу — оқиғаның негізгі желісі. Кілттің сиқыры ғайып болған күшті қайтаруға күдіретті. Анимацияда екі түрлі кейіпкерлер бар, протагонист — жақсылыққа ұмтылып, жеңіске жететіндер, олар — Шоқан, болашақтан келген Азат және керуенбасы ақсақал Мұсабай. Ал антагонист — зұлымдық күшіне ие кейіпкерлер. Анимацияның креативті



Сол уақытта Қашқардың жабық қала болғанын балаларға түсіндіру керек болғандықтан және белгілі бір себеппен сол қалаға кіру мүмкін болмайтын жеткізу үшін антагонист пайда болды. Бірақ бір антагонист жеткіліксіз, сондықтан біз қалған кейіпкерлердің қайдан келгенін және түрлі болуын ойластырдық. Құбыжықтарды жасау үшін қытай мифологиясына сүйендік. Негізі, осы кейіпкерлер қытай мифтері бойынша

Алып құбыжықтармен алысқан Шоканның да ержүректігі жас көрерменнің санасына ерекше рухани серпіліс бермек. Бұл балалар қиялында жаңа қаһарманның пайда болуына жол ашқан анимациялық жобаның біріне айналды деуімізге әбден негіз бар.

продюсері Самат Әлім «Шоқан. Қашқария сапары» мультфильмі ұлттық құндылықтарымызды қолдауды көрсететін көрсеткіш екенін атап өтті. Айтуынша, нақты тарихты фантазия жанрына бейімдеу, стилистиканы таңдау, анимация жасау және монтаж жұмыстарының үйлесімділігі жұмыстың күрделілігін айқындайды.

— Фантастикалық кейіпкерлерді тарихқа енгізу — қызықты процесс. Бұл мультфильмді қызықты әрі тартымды ету үшін жақсы шешім болды. Нақты протагонистке жақсы антагонист қажет. Антагонист тарихқа негізделіп таңдалды.

суреттелді. Мысалы, «Жасыл құбыжық» қытай мифологиялық жануары «Цзюй ю» бойынша жасалды. Сондай-ақ Шоканның күнделігінде сипатталған кей атауларға да негізделді. Мысалы, Шоканның күнделігінде Албасты рухы (мультфильмде — Айпері) туралы жазылған. Оны да сюжетке енгіздік, — деді Самат Әлім.

Шоқан Уәлиханов әйгілі Қашқарияға сапарына аттанғанда 22 жаста болған. Және жасырын Әлімбаев есімімен барған. Анимацияда осындай деректер ескеріліп, кейіпкерлері шынайылыққа сай суреттелген. Продюсер

Самат Әлімнің айтуынша, жана туындыда этнографиялық деректер шынайы көрсетілуі үшін арнайы ізденіс пен зерттеу жүргізілген.

— Тарихи тақырыптағы жобадан жұмыс істеу үлкен жауапкершілікті талап етеді. Сценарий жазу және бейнемазмұнды әзірлеу кезінде әрбір кадамға дейін мұқият талдау жүргізілді. Бірақ, өкінішке қарай өткен кезең туралы барлық мәлімет қолжетімді болмағандықтан, кейбір тұстарды ойдан шығаруға, қазіргі кезеңге ұқсас фактілермен толықтыруға тура келді. Мысалы, киімдерді көрсету өте қиын болды, олардың кейбіреулері сол уақытқа ұқсас заттар негізінде жасалып, мультфильмнің жанрына сай жасалды. Тағы бір маңызды мәселе — сөйлеу тілі. Ол кезде қазіргідей сөздер жоқ. Оның бәрін бүгінгі балалар түсінетіндей бір жүйеге келтірдік. Шоканның күнделігінде жазылғандарды зерттей отырып, жоғалған сөздерді диалогтерге енгізуге тырыстық. Арасында кейбірі өзгеріске ұшырады, себебі көрермен бәрін түсіне алуы керек.

Тағы бір маңызды жайт — басты кейіпкердің танымалдылығы. Шоканды көбі әскери киімде, бұйра мұртты және сол уақытқа тән ерекше шаш үлгісімен елестетеді. Ал оның сапары кезінде шашының тықыр қып алынғаны айтылғанымен, экранда оны танымал қалуы әбден мүмкін. Сондықтан кейіпкер Шоканның бет әлпеті де барынша қолда бар фотосуреттер негізінде жасалды, — деді С. Әлім.

Шоканның өмірдегі, мультфильмдегі мақсаты да бір, ол — Қашқария туралы тың деректерді жинау еді. Сондықтан анимацияның режиссері Дамир Құтбаев тарихи тұлға туралы фильмді жасау алдында тарихшылармен тығыз жұмыс істегенін алға тартты. Айтуынша, жобаны жүзеге асыруға 50-ден астам анимация маманы, сценаристер, суретшілер, дыбыс режиссерлері және басқа да шығармашылық топ мүшелері қатысты. Жұмыла кіріскен жұмыс 9 айда аяқталып, үлкен экранға жол тартқан.

— Шоқан туралы анимациялық фильм тарихи фактілер мен фантастикалық элементтердің үйлесімінен туған. Шоқан Уәлихановтың Қашқарияға сапары — оның ғылыми мұрасындағы маңызды кезеңдердің бірі. Оның осы қауіпті миссиясы тек зерттеушілік мақсатта емес, саяси, мәдени, экономикалық байланыстарды зерделеуге бағытталған еді. Біз осы оқиғаны жас ұрпаққа ерекше форматта жеткізуді көздедік. Мақсатымыз — Шоканды жана қырынан көрсету. Яғни, Шоқан ғалым ғана емес, ержүрек саяхатшы, өз дәуірінің батыры болды. Оның шынайы өміріндегі батылдығы, қайсарлығы анимациядағы кейіпкеріне де берілді. Біз бұл арқылы балаларға ғылым мен ерлік қатар жүретінін көрсеткіміз келді. Одан бөлек, тарихи оқиғаны балалар тіліне түсіріп, жас көрерменнің бойына батылдық, достық, әділдік секілді құндылықтарды сіңіруді мақсат тұттық. Сонымен қатар Қашқариядағы мәдениет пен дәстүрлерді



көрсету арқылы көрермендерге тарих пен этнографияға деген қызығушылықты арттыруға мүмкіндігінше тырыстық, — деді жоба режиссері Дамир Құтбаев.

Қашқар қаласын толық зерттеу үшін Шоқан Жаркентке аттанғанда антагонист кейіпкер Тай Цзю сиқыр күші дарымайтын Қашқар қаласының тас-талқанын шығармақ болады. Алайда болашақтан келген Азаттың батылдығы Қашқар қаласында қайта тыныштық орнауына септігін тигізеді. Алып құбыжықтармен алысқан Шоканның да ержүректігі жас көрерменнің санасына ерекше рухани серпіліс бермек. Бұл балалар қиялында жаңа қаһарманның пайда болуына жол ашқан анимациялық жобаның біріне айналды деуімізге әбден негіз бар.

ТАРИХИ ТЕЛЕХИКАЯ ЭФИРГЕ ШЫҒАДЫ



«Қазақстан» телерадиокорпорациясы ұлттық мәдениет пен өнер тарихынан сыр шертетін «Шам түбіндегі шындық» жаңа тарихи-драмалық телехикаясын ұсынады.

Телехикая Қазақ театрының 100 жылдығына арналған. Үш бөлімді сериал арқылы көрермен сол кездегі ел астанасы Қызылорда қаласында 1925 жылы құрылған тұңғыш ұлттық қазақ театрының тарихымен, өнер ордасының Алматыға көшірілуі кезіндегі көрнекті режиссер Жұмат Шаниннің еңбегімен танысады. Тарихи телехикаяда 1927 жылы Мәскеуде өткен этнографиялық концерттегі қазақ зиялыларының өнер көрсетуі және сол кездегі Қалыбек Қуанышбаев,



Әміре Қашаубаев, Күләш Байсейітова, Серке Қожамқұлов бастаған қазақ делегациясы құрамындағы қайраткерлердің рөлі жан-жақты көрсетіледі.

Телехикаяның қоюшы-режиссері — Жасұлан Пошанов. Басты рөлдегі Жұмат Шаниннің жас кезін Ғалым Оспанов, есейген шағын Азамат Есқұлов ойнайды. Серке Қожамқұловтың бейнесін Жандәулет Батай, Әміре Қашаубаевты Біржан Бәзілжанов, Қалыбек Қуанышбаевты Алмас Шаяхметов сомдайды. Ал Күләш Байсейітованың рөлінде көрермен Инабат Ризабекованы көре алады.

Айта кетейік, тарихи оқиғалармен қайта қауыштыратын телехикая «Qazaqstan» телеарнасының эфирінен 27 наурыздан бастап көрсетіледі.

ЕРЕКШЕ ЖАНДАРДЫҢ САЙЫСЫ

Елордада боулингтен турнир өтті. Астана қаласы мүгедек жастар қоғамы ұйымдастырған «Наурыз-2025» іс-шарасына қатысушылар шеберліктерін көрсетті.

«Мүгедек жастар қоғамы» төрағасы орынбасарының айтуынша, турнир биыл екінші жыл ұйымдастырылды. Астана қаласынан 6 команда қатысып, өздерінің шеберлігін сынады.

«Әкімдіктің қолдауымен, демеуші азаматтардың көмегімен жеңіске жеткен, жүлдегер атанған қатысушыларға бағалы сыйлықтар берілді. Біздің ұйым осындай спорттық сайыстарды өткізу арқылы да ерекше жандардың ортадан саяктанып, шеттеп қалмауына, саламатты өмір салтын насихаттауға себепкер болады. Турнирге келген жастар өзара шүйірлеседі, араласудың ортасы кеңейеді. Сондықтан сайысқа қатысушының өзі зор мәртебе», — дейді «Мүгедек жастар қоғамы» төрағасының орынбасары Тәуекел Наурызбаев.

Спорттық сайыстар алдағы уақытта да жалғасын таппақ.



AMANAT
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жаннат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(717) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4572

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,